

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**Алиева Г.К.**

«Отбасы әлеуметтану»  
(оқу-әдістемелік құрал)

**Қарағанды, 2024 ж.**

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті  
азаматтық және еңбек құқығы  
кафедрасының профессор-зерттеушісі,  
з.ғ.к., профессоры

Г.А.Ильясова

Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының,  
Кәсіби-психологиялық даярлық және  
ІІО басқару кафедрасының бастығы  
полиция полковнигі

Е.М.Баймуханов

**Алиева Г.К.** «Отбасы әлеуметтану» оқу-әдістемелік құрал, 83 б.

«Отбасы әлеуметтану» оқу-әдістемелік құралы «Құқық қорғау қызметі» білім бағдарламасы бойынша кәсіби даярлық факультетінде білім алатын ІІІ курс курсаттанттарына арналған. Аталмыш пәннің тақырыптарына сай ақпараттық материалдар қарастырылған.

## МАЗМҰНЫ

### КІРІСПЕ

#### **1-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ ФАКТОРЛАРЫ**

*1.1 Отбасылық қатынастар*

*1.2 Отбасылық-құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі мен тоқталуы. Отбасы тәрбиесінің стильдері және оның балаға әсері*

#### **2-ТАҚЫРЫП. НЕКЕНІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

*2.1 Некеге тұру тәртібі мен шарттары*

*2.2 Некені жарамсыз деп тану негіздерінің тәртібі мен салдары*

*2.3 Некені тоқтату*

#### **3-ТАҚЫРЫП. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

*3.1 Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері. Ерлі-зайыптылардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі*

*3.2 Ерлі-зайыптылардың мүліктік және мүліктік емес қатынастары*

#### **4-ТАҚЫРЫП. АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР.БАЛА АСЫРАП АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ.**

*4.1 Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері*

*4.2 Ата-ана құқығынан айыру және оны шектеу*

*4.3 Алименттік міндеттемелер*

#### **5-ТАҚЫРЫП. БАЛАНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ АНЫҚТАУ**

*5.1 Суррогат ана болу және репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану*

#### **6-ТАҚЫРЫП. ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ПЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ. ПАТРОНАТ**

*6.1 Қорғаншылық немесе қамқоршылық ұғымы*

*6.2 Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және оларды орналастыру*

*6.3 Патронат*

#### **ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР**

#### **КУРС БОЙЫНША СИТУАЦИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕР**

#### **ҚОРЫТЫНДЫ**

## КІРІСПЕ

Отбасы - белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез-құлық, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады.

Сонымен қатар отбасы - некеге немесе қаны бір туыстыққа негізделген, ал оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара жауапкершілікпен және өзара көмек көрсетумен байланысқан шағын топ. Неке отбасындағы қатынастарды қалыптастырушы болып саналады.

Үлгілі отбасы-адамның бақытының маңызды, жақсы бір бөлігі. Қоғам сондай мықты, жақсы отбасыға назар аударады. Отбасының құрылуы, некеге тұруы заңмен реттелсе де жетекші рол атқаратын мораль (адамгершілік). Мынаны атап айту керек, некенің көптеген жақтары оған отыратын адамдардың арымен бақыланады. Ойланып, ақылменен отырған неке-сәтті, жақсы болады, ал ойланбай отырған неке-еліктіргіш болады.

Неке-бұл тарихи келісілген, қоғамдық рұқсат етілген және реттелген әйел мен еркек арасындағы қатынастар, олардың құқығын бір-біріне міндетін, балаларына, өз ұрпақтарына, ата-аналарына қатынастарын орнатады. Басқаша айтсақ, неке - ол отбасының дәстүрлі құрылу құралы, оны қоғамдық бақылау қоғамның өзін өзі сақтауы мен дамуының бірден бір қаруы, жолы.

Адамгершілікпен некеге тұру реттеліп отырса, айырылысу яғни ажырасу да адамгершілікпен жүргізіледі. Егер ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық, достық, татулық, сүйіспеншілік жойылса, отбасы емес, онда некенің бұзылуы адамгершілік боп есептеледі.

Отбасы көптеген қоғамдық ғылымдардың: әлеуметтанудың, құқықтанудың, этнографияның психологияның, демографияның зерттеу объектісі болып саналады.

Отбасы әлеуметтануы екі бағытта дамып келеді. Оның бірінші бағыты бойынша отбасының тарихы зерттеледі, екінші бағыт әлеуметтік институт ретіндегі қазіргі отбасының қалпын және шағын әлеуметтік топ ретіндегі жағдайын зерттейді .

Әлеуметтану отбасының функцияларына, отбасы саласындағы келеңсіз құбылыстарға (ажырасу санының артуы, жалғыз бастылардың санының өсуі) талдау жасауға да үлкен көңіл аударады.

Отбасының локалдануы - бұл тек туыстық қарым-қатынастармен шектеліп қалмай туыстардың бірлесе өмір сүретіндігін де мойындайды, сондықтан олардың тұрмысында ортақ элементтердің болуы, отбасымүшелерінің экономикалық өзара көмек көрсетуі үнемі ұшырасып тұрады.

Отбасының құрылымы - бұл оның негізгі элементтерінің тұтастығын қамтамасыз ету тәсілі болып саналады.

Отбасының тиімді және экономикалық іс-әрекеті қоғам өмірімен тығыз байланысты, сондықтан да мемлекет немқұрайлы қарап отырмайды. Егер ұзақ уақыт бала тәрбиесіне мемлекет онша қатысты болмаса, қазір ол мемлекеттік және отбасылық іс боп саналады. Отбасы балаға адамдар

арасында өмір сүруге үйретеді, оған белгілі саяси-идеялық көзқарастарды, әлемді танушылықты, адамгершілік нормалар мен ережелерді егеді. Бала отбасыда адамгершілік нормаларымен танысады, үйренеді. Осында балада мінез-құлық қалыптасады, жеке адамгершілік-психологиялық жақтары қалыптасады.

Тәрбие-ұлы іс: онда адам тағдыры шешіледі.

Тәрбие күнделікті отбасы мүшелерімен, туысқандармен басқа да отбасы мүшелері араласатын адамдармен баланың қатынасуы, араласуымен іске асырылады. Бала мектепте, техникум, лицейде, жоғарғы оқу орнында, өндірісте еңбекте болса да отбасының тәрбиелік міндеті жойылмайды, тәрбиелік әсер жасөспірімдік кезде, ержеткенде де тоқталмайды. Жақсы ортада өнегелі отбасыда өскен бала өз іс әрекетінде қоғамдық немесе өз коллективінің мүшелерінің пікірлерін басшылыққа алып қана қоймады, өз туыстарының, жақындарының пікірлері маңыздырақ болады. Туылған кезде бойымызда жоқ, бірақ бізге өмірде керек нәрселердің бәрі тәрбиемен беріледі. Барлық жеке адам өздерін қоғамдық пайдалы еңбекпен қалыптастырады.

# 1-ТАҚЫРЫП. ОТБАСЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

## 1.1 Отбасылық қатынастар

Отбасы ұғымы деп, Отбасы - белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез-құлық, ерлізайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады. Сонымен қатар отбасы - некеге немесе қаны бір туыстыққа негізделген, ал оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара жауапкершілікпен және өзара көмек көрсетумен байланысқан шағын топ. Неке отбасындағы қатынастарды қалыптастырушы болып саналады.

«Отбасы» терминінің анықтамасы

- Отбасы - бұл шаруашылық-тұрмыстық ортақтықпен және өзара жауапкершілікпен байланысты адамдардың некеге немесе туыстық-туыстық қатынастарға негізделген бірлестігі.
- Отбасы - әке, ана және балалар (Дидье Жюлиа).
- Отбасы - бұл ата-аналар мен олардың балаларынан тұратын, өз мүшелерінің мүдделері мен денсаулығын қорғауға, жеке тұлғаның көбеюіне, сақталуына және дамуына жағдай жасауға арналған адамдар тобы.

О.Конттың отбасыға берген анықтамасы бойынша «Отбасы – «қоғамның маңызды бірлігі», сүйіспеншілік пен өзара жанашырлыққа негізделген моральдық-эмоционалды одақ» деп сипаттайды.

Отбасы әлеуметтануы – бұл әлеуметтанулық білімнің бір саласы, ол мыналарды зерттеуге баса назар аударады:

- адамдардың шағын тобының бірге өмір сүруінің отбасылық
- туыстық түрлерін қарастыруға;
- жалғыз немесе бойдақ адаммен салыстырғанда отбасылық өмір салтын саралауға;
- ата-ана, ерлі-зайыптылық, туыстық, яғни отбасының өзара байланысын анықтауға;

Әлеуметтанудағы отбасын зерттеудің ерекшелігі:

1) Отбасы әлеуметтік институт және шағын әлеуметтік топ ретінде қарастырылады.

2) Отбасы «ерлі – зайыптылық – ата-ана-туыстық» триада ретінде қарастырылады.

Отбасы құқығының нормаларымен некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, баланы отбасына тәрбиеге алудан, отбасы қатынастарын дамыту және бейімдеуден туындайтын жеке және мүліктік қатынастар реттеледі, яғни некеге тұрған адамдардың арасында пайда болатын жеке және солардан туындайтын мүліктік қатынастар реттеледі.

Отбасы түрлері:

Нуклеарлы отбасы – бұл ерлі-зайыптылар және олардың балалары. Егер отбасында бала болмаса, онда нуклеарлы отбасының құрамы шектеледі. Нуклеарлы отбасы – ХХ ғ. отбасының типтік түрі, бұл бірнеше

жақын және алыс туысқандардан тұратын, территориалды және экономикалық мүдделермен біріккен отбасы.

Кеңейген нуклеарлы отбасы – ата-әже немесе басқа да жақын туысқандар (ерлізайыптылар сиблингі, ағалар және апалар, яғни ата-әже сиблингтері т.б.) қосылған отбасы.

Толық емес отбасы – ерлі-зайыптылардың біреуі ажырасқан немесе өмірден озған отбасы. Толық емес отбасының типтік түрі – бұл баламен (балалармен) қалған ана. Толық емес отбасының қызмет ету сипаты екінші жұптың болмау себебіне байланысты. Толық емес отбасының тағы бір түрі «аналық отбасы», оның құрамына ана мен бала (балалар), ананың саналы ниеті бойына некесіз туған балалар кіреді. Функционалды толық емес отбасы – ерлізайыптының біреуінің өз қызметтерін тұрақты атқара алмайтын нуклеарлы (формалды құрамы бойынша толық) отбасы. Ерлі-зайыптының өзінің отбасылық рөлдерін атқаруға кедергі келтіретін себептер: ауыр немесе созылмалы ауру, кәсіби қызмет спецификасы, отбасымен ұзақ уақыт болмау. Отбасы- ұрпақ өсіру мен әлеуметтенудің ең маңызды институты болғандықтан, әлемдегі барлық дерлік елдер отбасылық зерттеу орталықтарын қаржыландырады, отбасы және неке туралы көптеген әдебиеттер шығарады. Сонымен қатар, барлық әлеуметтану оқулықтары - бұл отбасы мен балаларды әлеуметтендірудің бөлімдері. Өкінішке орай, Қазақстанда отбасы әлеуметтануы бойынша зерттеулер сирек, отбасылық әлеуметтанулық нұсқаулықтарды айтпағанда. Біздің, әлеуметтанушылардың, мақсаты - қоғамдағы отбасы әлеуметтануы бойынша білімнің жетіспеушілігін ішара толтыру. Мәселе мынада: бұл тәсіл тек отбасылық әлеуметтануды зерттеуге ғана емес, сонымен бірге оның нақты функцияларын - олардың балалары туылғанға дейін, оларды сақтау мен жаңа ұрпақтарды әлеуметтендіруге дейін орындау болып табылады, өйткені отбасының функциясы әлеуметтік жүйені жүзеге асыру және қоғамның мүдделері.

## ***1.2 Отбасылық-құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі мен тоқталуы. Отбасы тәрбиесінің стильдері және оның балаға әсері***

Отбасы құқықтық қатынастар реттейтін қоғамдық қатынастарға отбасы-құқықтық нормаларының әсер етуі нәтижесінде отбасы құқықтық қатынастары пайда болады. Басқа құқықтық қатынастар тәрізді отбасы құқықтық қатынастары да заңды дерек нәтижесінде туындайды. Отбасы құқығындағы заңды дерек деп отбасы құқығының нормаларын, қарастырылған заңдық салдарлардың болуымен байланыстыратын, нақты өмірлік жағдайлар түсініледі. Отбасы қатынастарының барлығы құқықтық қатынас бола бермейді және заңды салдарлары болмайды. Мысалы, егер неке қатынастары некені тіркеу тәрізді тиісті құқықтық нысанда әшкереленбесе, ешқандай құқықтық салдар туғызбайды. Некені тіркеу фактісі басқа да заңды деректер сияқты, белгілі бір құқықтық салдарлар тудырады (ерлі-зайыптылардың, балалардың құқықтары мен міндеттері, сотта қорғалу құқығы және т. б.).

Отбасы құқығындағы заңды деректер құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқталуына негіз болады. Заңды деректер әрқашан құқықтық қатынас бола бермейтін, басқа заңды деректердің пайда болуына және жоғалуына әкелуі мүмкін.

Отбасы құқығында заңды деректер құқықтық салдарға сәйкес құқық тудырушы, құқық өзгертуші, құқықты қалпына келтіруші, құқықты кедергі келтіруші болып жіктеледі.

Заңды деректер еріктілік белгісіне сәйкес оқиға, әрекет және жағдай болып бөлінеді. Әрекет адамның еркіне байланысты жүзеге асырылады. Құқықтық нормалардың нұсқамасына сәйкес келетіндігі немесе оны бұзатындығына байланысты, әрекет құқыққа сай және құқыққа сай емес деп бөлінеді. Адаманың еркінен тыс пайда болатын оқиғалар – абсолюттік оқиғалар, ал олардың еркімен болса – салыстырмалы оқиғалар болады. Жағдай – үздіксіз немесе жүйелі түрде заңды салдарларды тудыратын, ұзақ уақыт бойы әрекет ететін заңды деректер.

Сонымен, отбасы құқықтық қатынастары – деп заңды деректің нәтижесінде пайда болған және отбасы құқығының нормаларымен реттелетін қатынастарды айтамыз. Отбасы құқықтық қатынастар ең алдымен, мүліктік және жеке мүліктік емес болып бөлінеді. Жеке мүліктік емес қатынастарға баланы тәрбиелеу, оған білім берумен байланысты қатынастар жатады. Мүліктік қатынастарға балаларды және отбасының басқа да мүшелерін асыраумен, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі құқығымен байланысты қатынастар жатады.

Құқықтық реттеу әдісіне байланысты отбасы құқықтық қатынастарын үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа тек императивтік нормалармен реттелетін қатынастарды жатқызамыз. Оларға некеге тұру және оны бұзу, баланың тегін және ұлтын анықтау, ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алу сияқты қатынастарды жатқызуға болады. Екінші топқа диспозитивтік әдіспен реттелетін қатынастар жатқызылады, алайда өздері анықтаған қатынастары бойынша субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің шегі императивті анықталады. Мысал ретінде ерлі-зайыпталырдың мүліктерінің шарттық режимін, бала асырау бойынша алименттік келісімдерді айтуға болады. Құқықтық қатынастардың үшінші тобына таза диспозитивтік әдіспен реттелетін қатынастар жатады. Бұған тараптардың еркімен пайда болатын қатынастарды айтуға болады, мысалы, отбасы мүшелерін асырауға алимент өндіріп алу.

Отбасы құқығының нормаларымен некеден, ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік қатынастарынан, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынастарынан, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру бойынша қатынастар, алименттік қатынастар, азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша, сондай-ақ шетел элементінің қатысуымен болатын отбасылық қатынастардан туындайтын барлық қатынастар реттеледі.

Отбасы құқығының нормалары некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, баланы отбасына тәрбиеге алудан, отбасы қатынастарын дамыту және бейімдеуден туындайтын жеке және мүліктік қатынастар реттеледі,



яғни некеге тұрған адамдардың арасында пайда болатын жеке және солардан туындайтын мүліктік қатынастар реттеледі.

Отбасы құқығындағы субъектілердің арасындағы қатынастар заңды фактілерден туындайды: некеге тұру немесе некені тоқтатудың фактісі, бала туу, асырап алу және отбасына орналастыру фактісі, ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларға қорғаншылық және қамқоршылықты белгілеу фактісі және азаматты әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану фактісі және т.б.

Белгілі бір құқық саласында өзінің пәнінің болуымен қатар, қатынастарды реттеудің өзіндік әдісінің болуы оның дербестігінің екінші қажетті белгісі болып табылады. Неке-отбасылық қатынастарды реттеуші бұрынғы заңдарда дәстүрлі түрде құқықтық реттеудің әдісіне императивтік әдіс жатқызылған. Алайда отбасы құқығында императивтік нормалардың басым болуы, нақты өмірдің қажеттіліктеріне қарама-қайшы болды. Отбасы қатынастарының қатысушыларына өз қатынастарының мазмұнын анықтауда үлкен еріктілік беру қажет болады. Отбасы құқығы саласындағы императивтік реттеу отбасылық құқықтық-қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің мазмұнының заңмен анықталуына және сол адамдардың келісімімен өзгертілмейтіндігіне әкеледі. Барлық жағдайда заңшығарушымен императивті орнатылған бір ғана үлгі қолданылғандықтан, отбасылық қатынастарды реттеудің мұндай үлгісі оның қатысушыларының еркін қыспақтайды, құқықтық реттеуді икемділігінен айырады.

Қазақстан Республикасы «Неке және отбасы туралы» заңын дайындау барысында диспозитивтік реттеу бойынша саналы шешім қабылданды, ол отбасылық қатынастардың қатысушыларына оның мазмұнын өздеріне анықтау құқығын береді. Диспозитивтік реттеу ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі режимін анықтауында, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерін соның ішінде балаларды да асырау бойынша алименттік қатынастардан байқалады. Аталған қатынастарды реттеуші құқық нормалары қатынасқа түсуші субъектілер оларға берілген ерікті келісім және сол қатынастардың мазмұнын өз бетінше анықтау құқықтарын пайдаланбаған жағдайда және олардың қатынастары жарамсыз деп танылған жағдайларда қолданылады. Императивтік әдісті диспозитивтікпен алмастырудың нәтижесінде, отбасылық-құқықтық салада мемлекет пен жеке азаматтың арасында жаңа қарым-қатынастар пайда болады. Мемлекет саналы түрде отбасы мүшелеріне өз еркін міндеттеуден ұстамдық танытып, отбасы құқықтық қатынастарының қандай үлгісі қолайлы екендігін өздеріне шешуге жол береді.

Отбасы құқығының нормаларының өзгеруіне және императивтік пен диспозитивтік қарым-қатынасына қарамастан «Неке және отбасы туралы» Кодексі тек қана диспозитивтік нормалардан тұрады деп ойлау адасушылық болушы еді. Құқықтық реттеудің әдісі қандай норма басым екендігіне

байланысты анықталады. Тиісінше, отбасы құқығындағы императивтік және диспозитивтік нормалардың қатынасы туралы ғана сөз қозғалуы мүмкін.

Отбасы қатынастарының қатысушылары заңдық формальды түрде тең құқылы, ал іс жүзінде олар барлық уақытта тең емес. Тіпті отбасы қатынастарының қатысушылары толығымен әрекетке қабілетті, еңбекке жарамды және материалдық қамтамасыз етілген болғандарымен, шын өмірде олардың арасында жеке қарым-қатынастарына, сезімдеріне және бір-біріне деген тартымдылыққа негізделген тәуелділік жиі орын алады. Бұл оларды заңдық актілер жасауға итермелейді және олардың біреуін қолайсыз жағдайға қояды. Отбасылық заңнамада ортақ шекара орнататын, яғни отбасы құқығының субъектілері өз қатынастарын келісімнің көмегімен реттей алатын императивтік нормалар болуы тиіс. Мысалы, алименттік келісімдерде заңда көрсетілген жастан төмен кәмелетке толмаған балаларға алимент мөлшерін белгілеуге тиым салынады.

Отбасы құқығының бірқатар институттары императивтік нормалардың көмегімен реттелгенді қажет етеді. Бұл ең алдымен отбасы-құқықтық жауапкершілікті және қорғауды қолдану шараларын анықтайтын институттар. Ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алудың күшін жою, некені жарамсыз деп тану нормалары императивті болып қалуы тиіс.

Отбасы-құқықтық әдіс жай императивтік ғана емес, императивті-рұқсат етуші болып табылады. Рұқсат етуші сипаты, отбасы қатынастарының қатысушыларына белгілі бір құқық беретін отбасы құқығында құқық беруші нормалардың басымдығынан көрінеді. Мысалы, тараптар ерікті түрде неке тұрады немесе оның тоқтатылуын талап етеді, бірақ сол әрекеттердің тәртібі императивті анықталған.

Сонымен, отбасы құқығының әдісі жалпы диспозитивті ретінде сипатталады. Алайда оның ерекшелігі едәуір дәрежеде императивтік бастаманы сақтауында.

Отбасы құқықтық қатынастарының түсінігі және түрлері.

Отбасы құқықтық қатынастар реттейтін қоғамдық қатынастарға отбасы-құқықтық нормаларының әсер етуі нәтижесінде отбасы құқықтық қатынастары пайда болады. Басқа құқықтық қатынастар тәрізді отбасы құқықтық қатынастары да заңды дерек нәтижесінде туындайды. Отбасы құқығындағы заңды дерек деп отбасы құқығының нормаларын, қарастырылған заңдық салдарлардың болуымен байланыстыратын, нақты өмірлік жағдайлар түсініледі. Отбасы қатынастарының барлығы құқықтық қатынас бола бермейді және заңды салдарлары болмайды. Мысалы, егер неке қатынастары некені тіркеу тәрізді тиісті құқықтық нысанда әшкереленбесе, ешқандай құқықтық салдар туғызбайды. Некені тіркеу фактісі басқа да заңды деректер сияқты, белгілі бір құқықтық салдарлар тудырады (ерлі-зайыптылардың, балалардың құқықтары мен міндеттері, сотта қорғалу құқығы және т. б.).

Отбасы құқығындағы заңды деректер құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқталуына негіз болады. Заңды деректер

әрқашан құқықтық қатынас бола бермейтін, басқа заңды деректердің пайда болуына және жоғалуына әкелуі мүмкін.

Отбасы құқығында заңды деректер құқықтық салдарға сәйкес құқық тудырушы, құқық өзгертуші, құқықты қалпына келтіруші, құқықты кедергі келтіруші болып жіктеледі.

Заңды деректер еріктілік белгісіне сәйкес оқиға, әрекет және жағдай болып бөлінеді. Әрекет адамның еркіне байланысты жүзеге асырылады. Құқықтық нормалардың нұсқамасына сәйкес келетіндігі немесе оны бұзатындығына байланысты, әрекет құқыққа сай және құқыққа сай емес деп бөлінеді. Адаманың еркінен тыс пайда болатын оқиғалар – абсолюттік оқиғалар, ал олардың еркімен болса – салыстырмалы оқиғалар болады. Жағдай – үздіксіз немесе жүйелі түрде заңды салдарларды тудыратын, ұзақ уақыт бойы әрекет ететін заңды деректер.

Сонымен, отбасы құқықтық қатынастары – деп заңды деректің нәтижесінде пайда болған және отбасы құқығының нормаларымен реттелетін қатынастарды айтамыз. Отбасы құқықтық қатынастар ең алдымен, мүліктік және жеке мүліктік емес болып бөлінеді. Жеке мүліктік емес қатынастарға баланы тәрбиелеу, оған білім берумен байланысты қатынастар жатады. Мүліктік қатынастарға балаларды және отбасының басқа да мүшелерін асыраумен, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі құқығымен байланысты қатынастар жатады.

Құқықтық реттеу әдісіне байланысты отбасы құқықтық қатынастарын үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа тек императивтік нормалармен реттелетін қатынастарды жатқызамыз. Оларға некеге тұру және оны бұзу, баланың тегін және ұлтын анықтау, ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алу сияқты қатынастарды жатқызуға болады. Екінші топқа диспозитивтік әдіспен реттелетін қатынастар жатқызылады, алайда өздері анықтаған қатынастары бойынша субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің шегі императивті анықталады. Мысал ретінде ерлі-зайыпталырдың мүліктерінің шарттық режимін, бала асырау бойынша алименттік келісімдерді айтуға болады. Құқықтық қатынастардың үшінші тобына таза диспозитивті әдіспен реттелетін қатынастар жатады. Бұған тараптардың еркімен пайда болатын қатынастарды айтуға болады, мысалы, отбасы мүшелерін асырауға алимент өндіріп алу.

Отбасы құқығының нормаларымен некеден, ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік қатынастарынан, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынастарынан, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру бойынша қатынастар, алименттік қатынастар, азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша, сондай-ақ шетел элементінің қатысуымен болатын отбасылық қатынастардан туындайтын барлық қатынастар реттеледі.

Отбасындағы билікті бөлу, яғни билікке, лидерлікке ие болу және ондағы міндеттерді бөлу сипатына қарай отбасының екі типі сақталған. Оның біріншісі — дәстүрлі немесе авторитарлық отбасы. Дәстүрлі отбасында мынандай сипаттар тән:

- ер адам негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдаушы болып саналады, оның қожайындығы басым;

- әйелдің ер адамға экономикалық жағынан тәуелділігі;
- отбасындағы міндеттерді бөліп, ер адамның және әйелдің міндеттерінің бекітілуі.
- отбасындағы билікті бөлуге орай қалыптасқан отбасының екінші түрі - згалитарлық немесе демократиялық отбасы. Бұл отбасында:
- үй шаруасына қатысты міндеттердің отбасы мүшелері арасында тең, әділ бөлінуі;
- ерлі - зайыптылардың тұрмыстық мәселелер бойынша бірлесіп шешім қабылдауы;
- демалыстарын бірге өткізуі, балалар тәрбиесіне бірдей қатысуы тән.

Отбасы құқықтық қатынасының субъектілеріне некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе баланы тәрбиеге алудың өзге де нысандары арқылы бір-бірімен өзара байланысты болатын адамдар тобын жатқызамыз. Отбасы құқықтық қатынасының субъектілері мыналар: ерлі-зайыптылар, балалар, ата-аналар, асырап алушылар және асырап алынғандар, ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже және немерелер, суррогат аналар, сонымен қатар қамқоршы және қорғаншы органдар, қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер, АХАЖ органдары және оларға теңестірілген органдар.

Ерлі-зайыптылар – АХАЖ органдарында, отбасын құру мақсатында, екеуінің келісімімен өзара некеге тұрған адамдар. Неке құқықтық қатынастарының субъектілері болып әрекетке қабілетті және неке жасына жеткен адамдар бола алады. Заңда некеге тұрушылар үшін жоғарғы шекті жас анықталмаған. Неке ерлі-зайыптылардың арасында жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттерді тудырады.

Ата-аналардың баласы ретінде, некеде туылған, сонымен қатар неке бұзылған немесе жарамсыз деп танылғаннан кейін екі жүз жетпіс күн ішінде туылған балалар танылады. Егер баланың ата-анасы тіркелген некеде тұрмаса, баланың анасы жағынан тегін медициналық құжаттардың негізінде АХАЖ органдары белгілейді, ал әкелікті – баланың әкесі мен анасының бірлескен арызының негізінде анықтайды.

Ата-аналар балаларына қамқорлық көрсетуге, оларға тәрбие және білім берумен айналысуға, еңбекке жарамсыз балаларды асырауға міндетті.

Бала асырап алуды бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың арызы бойынша сот жүргізеді. Асырап алынған балалар асырап алушыларға қатысты туған балалардыкімен бірдей құқықтар мен міндеттерге ие болады. Асырап алынған балалар жеке мүліктік емес құқықтарынан айырылады және өздерінің ата-аналары мен туыстарына деген міндеттемелерінен босатылады. Асырап алушылар асырап алынған балаларға туған балаларына сияқты қамқорлық көрсетуге міндетті.

Ағалы-інілер және апалы сіңілілер толыққанды, толыққансыз және болуы мүмкін. Толыққанды ағалы-інілер және апалы-сіңлілердің әкелері мен шешелері ортақ болады. Толыққанды ағалы-інілер және апалы-сіңлілердің тек бір ортақ ата-аналары, яғни әкесі немесе шешесі ғана ортақ болады. Бір отбасында тұратын, бірақ ортақ ата-аналары жоқ. Ағалы-інілер мен апалы-сіңлілердің бір-біріне мүліктік құқықтары болады.

Ата және әже деп баланың ата-анасының немесе асырап алушыларының ата-аналарын айтамыз. Әжелер және аталар немерелеріне қатысты мүліктік құқықтарға және міндеттемелерге ие болады, дәл солай немерелері де аталары мен әжелеріне қатысты мүліктік құқықтар мен міндеттемелерге ие.

Қорғаншы және қамқоршы органдар – сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдардың немесе кәмелетке толмағандардың мүдделерін және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін жергілікті атқарушы органдар.

Қорғаншы (қамқоршы) ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларға және әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі адамдарға сотпен тағайындалады. Қорғаншы (қамқоршы) баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасауға міндетті.

Патронат тәрбиешілер – қорғаншылық немесе қамқоршылық органымен ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды тәрбиеге беру туралы шарт жасасқан адам.

АХАЖ органы – азаматтық хал актілерін тіркеумен айналысатын мемлекеттік орган.

Отбасы құқығындағы субъектілердің арасындағы қатынастар заңды фактілерден туындайды: некеге тұру немесе некені тоқтатудың фактісі, бала туу, асырап алу және отбасына орналастыру фактісі, ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларға қорғаншылық және қамқоршылықты белгілеу фактісі және азаматты әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану фактісі және т.б.

Белгілі бір құқық саласында өзінің пәнінің болуымен қатар, қатынастарды реттеудің өзіндік әдісінің болуы оның дербестігінің екінші қажетті белгісі болып табылады. Неке-отбасылық қатынастарды реттеуші бұрынғы заңдарда дәстүрлі түрде құқықтық реттеудің әдісіне императивтік әдіс жатқызылған. Алайда отбасы құқығында императивтік нормалардың басым болуы, нақты өмірдің қажеттіліктеріне қарама-қайшы болды. Отбасы қатынастарының қатысушыларына өз қатынастарының мазмұнын анықтауда үлкен еріктілік беру қажет болады. Отбасы құқығы саласындағы императивтік реттеу отбасылық құқықтық-қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің мазмұнының заңмен анықталуына және сол адамдардың келісімімен өзгертілмейтіндігіне әкеледі. Барлық жағдайда заңшығарушымен императивті орнатылған бір ғана үлгі қолданылғандықтан, отбасылық қатынастарды реттеудің мұндай үлгісі оның қатысушыларының еркін қыспақтайды, құқықтық реттеуді икемділігінен айырады.

ҚР «Неке және отбасы туралы» заңын дайындау барысында диспозитивтік реттеу бойынша саналы шешім қабылданды, ол отбасылық қатынастардың қатысушыларына оның мазмұнын өздеріне анықтау құқығын береді. Диспозитивтік реттеу ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі режимін анықтауында, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерін соның ішінде балаларды да асырау бойынша алименттік қатынастардан байқалады. Аталған қатынастарды реттеуші құқық нормалары қатынасқа түсуші субъектілер

оларға берілген ерікті келісім және сол қатынастардың мазмұнын өз бетінше анықтау құқықтарын пайдаланбаған жағдайда және олардың қатынастары жарамсыз деп танылған жағдайларда қолданылады. Императивтік әдісті диспозитивтікпен алмастырудың нәтижесінде, отбасылық-құқықтық салада мемлекет пен жеке азаматтың арасында жаңа қарым-қатынастар пайда болады. Мемлекет саналы түрде отбасы мүшелеріне өз еркін міндеттеуден ұстамдық танытып, отбасы құқықтық қатынастарының қандай үлгісі қолайлы екендігін өздеріне шешуге жол береді.

Отбасы құқығының нормаларының өзгеруіне және императивтік пен диспозитивтік қарым-қатынасына қарамастан «Неке және отбасы туралы» Кодексі тек қана диспозитивтік нормалардан тұрады деп ойлау адасушылық болушы еді. Құқықтық реттеудің әдісі қандай норма басым екендігіне байланысты анықталады. Тиісінше, отбасы құқығындағы императивтік және диспозитивтік нормалардың қатынасы туралы ғана сөз қозғалуы мүмкін.

Отбасы қатынастарының қатысушылары заңдық фолмальды түрде тең құқылы, ал іс жүзінде олар барлық уақытта тең емес. Тіпті отбасы қатынастарының қатысушылары толығымен әрекетке қабілетті, еңбекке жарамды және материалдық қамтамасыз етілген болғандарымен, шын өмірде олардың арасында жеке қарым-қатынастарына, сезімдеріне және бір-біріне деген тартымдылыққа негізделген тәуелділік жиі орын алады. Бұл оларды заңдық актілер жасауға итермелейді және олардың біреуін қолайсыз жағдайға қояды. Отбасылық заңнамада ортақ шекара орнататын, яғни отбасы құқығының субъектілері өз қатынастарын келісімнің көмегімен реттей алатын императивтік нормалар болуы тиіс. Мысалы, алименттік келісімдерде заңда көрсетілген жастан төмен кәмелетке толмаған балаларға алимент мөлшерін белгілеуге тиым салынады.

Отбасы құқығының бірқатар институттары императивтік нормалардың көмегімен реттелгенді қажет етеді. Бұл ең алдымен отбасы-құқықтық жауапкершілікті және қорғауды қолдану шараларын анықтайтын институттар. Ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алудың күшін жою, некені жарамсыз деп тану нормалары императивті болып қалуы тиіс.

Отбасы-құқықтық әдіс жай императивтік ғана емес, императивті-рұқсат етуші болып табылады. Рұқсат етуші сипаты, отбасы қатынастарының қатысушыларына белгілі бір құқық беретін отбасы құқығында құқық беруші нормалардың басымдығынан көрінеді. Мысалы, тараптар ерікті түрде неке тұрады немесе оның тоқтатылуын талап етеді, бірақ сол әрекеттердің тәртібі императивті анықталған.

Сонымен, отбасы құқығының әдісі жалпы диспозитивті ретінде сипатталады. Алайда оның ерекшелігі едәуір дәрежеде императивтік бастаманы сақтауында.

Отбасы құқығының қағидалары:

- еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігіне,
- ерлі-зайыпталардың отбасындағы құқықтарының теңдігіне,
- отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілігіне,
- отбасының ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешуге,

- балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру,
- олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасауына,
- отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беруге,
- отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз етуге және бұл құқықтардың сот қорғауының мүмкіндіктеріне негізделеді.

Азаматтық құқықтың нормалары ең алдымен меншік құқығын қорғауға кәсіпкерлік қызметтен туындайтын қатынастарды реттеуге бағытталған. Отбасы құқығының нормалары адамның өзін дамытуымен, оның тәрбиесімен, материалдық жағдайымен байланысты қатынастарды реттеуге бағытталған.

Азаматтық-құқықтық қатынастар негізінен Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен реттеледі. Отбасылық қатынастар ең алдымен 26.12.2011 жылғы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексімен реттеледі, ал неке-отбасы заңдарымен реттелмейтін қатынастарға азаматтық заңдар қолданылады, егер де ол неке-отбасылық қатынастардың мәніне қарама-қайшы келмесе.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты іс. Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек деген ойшыл ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз: **«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...»** демекші ұрпақ тәрбиесінде балаға білімнен бұрын тәрбие беру маңызды екенін дәлелдеген. Адамгершілік негізі - имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Халқымыз: **«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер»** дейді. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне әсері зор. Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң-мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, кісінің ала жібін аттамайтын иманды азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет.

Бүгінгі ұрпақ еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға өсіру. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өседі. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды, обал мен сауапты ажырата білуі өзін қоршаған ортасына, ата-анасына, құрбы-құрдастарына, олардың іс-әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты.

Ата-анасынан ала алмаған жылулықты көшеден іздеген баланың тағдыры орны толмас өкініштерге соқтырып жатады. Ата-аналардың көпшілігі күн көрістің қамымен таңнан қара кешке дейін жұмыста болғандықтан, баласының тәрбиесіне көңіл бөлуге уақыттары тапшы болып жатады. Ең

бастысы бала-шағамыз қатарынан кем болмай, киімі бүтін, тамағы тоқ болса, қалтасында қымбат смартфон болса болды деп, материалдық құндылықпен шектелудеміз. Сондай-ақ көптеген ата-аналар бала тәрбиесіне көңіл бөлмей, немқұрайлы қарап, барлық тәрбиені мектепке міндеттеп қояды. Бір әке-шешенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайтыны айдан анық. Мектеп балаға білім беретін, болашақта бір мамандық иесі болып қалаптасуы үшін білімнің іргетасын қалайтын оқу орны. Отбасында адал мен арамды білмей өскен бала, өскенде дінге қатысты көкейінде жүрген сұрақтың жауабын ата-анасынан ала алмағандықтан, көшедегі жат ағымның өкілінен сұрап, оның етегінен ұстап, оп-оңай соңынан кетеуі де мүмкін.

## **2-ТАҚЫРЫП. НЕКЕНІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

### ***2.1 Некеге тұру тәртібі мен шарттары***

Неке теориясы неке шарты тәріздес өз бастауын Ежелгі Римнен алады. Рим құқығының классикалық кезеңінде некеге тұрудың барлық негізгі нысандарында қарапайым азаматтық шарттың белгілері болады. Некеге деген мұндай қатынастың болуы ең алдымен Римде неке қатынастарының белгілі бір бөлігі ғана құқықтық реттелгендігімен байланысты, олардың өркениеттік, адамгершілік және сакральді жақтары құқықтан тыс қалды. Кейін неке институтына оның рухани жағын көрсете отырып, тылсым құпиялылық сипаттама береді.

Некенің (ерлі-зайыптылықтың) құқықтық табиғатын түсіндіретін бірнеше құқықтық теориялар бар. Бұл теориялардың барлығын жалпы некені шарт ретінде, қасиетті одақ және ерекше институт ретінде қарастыру бойынша бөлуге болады. Некені шарт ретінде қарастыратын теория Ежелгі Римнен бастау алады.

Рим құқығының кезеңінде некеге тұрудың негізгі түрі жай азаматтық мәміле ретінде болған. Бұндай пікірлер Римде құқықтық реттеуге некелік қарым-қатынастардың белгілі бір топтары ғана тиісті болғанымен байланысты, олардың цивилистикалық, адамгершілік жақтары әділетті түрде құқықтық реттеуден тыс болады.

Одан әрі канондық нормалар неке институтына құпиялық, қасиеттілік сипат беріп, оның рухани жағын атап өтеді.

Некенің классикалық Канондық түсінігі деп, әйел мен еркектің толық қарым – қатынасын, яғни физикалық, адамгершілік, экономикалық заңдық, діни қарым – қатынастарын айтамыз. Отбасы қатынастары діни нормаларымен реттелген кезеңде жоғарыдағы пікірді ақтауға болатын еді, бірақ канондық нормалардың орнына зайырлық тұжырымдардың келуі, жағдайды өзгертіп жіберді. Зайырлылық құқықтың діннен айырмашылығы, оның рухани, этикалық қатынастарды реттей алмайтынында.

Некені шартты түрде әр түрлі қарым-қатынастарға бөлуге болады: *рухани, физикалық және материалдық*. Некенің рухани және физикалық элементтері құқықпен реттелмейді, бұнымен барлық қазіргі және төңкеріске дейінгі ғалымдар келіседі. Бірақ некелік одақты қалыптастыратын мұндай қатынастарды бөлу бастапқы кезінен таныла кеткен жоқ.



И.Канттың «Метафизика нравов» деген еңбегінде, неке екі адамның бостандықтары мен қасиеттерін сақтай отырып қосылуы делінген. Сонымен қатар Кант, некені шарт деп қарастыратын көзқараспен келіспеді. Өйткені шарт белгілі бір мақсатқа жеткеннен кейін тоқтатылады, ал неке адамның өмірін қамтиды, тек қана адам қайтыс болған жағдайда ғана тоқтатылады.

Қазіргі қоғамда неке туралы біртұтас ұғым қалыптастыру қиын. Сондықтан құқық, рухани нормаларға негізделе отырып, некелік қатынастардың, біріншіден құқықтық реттеуге болатын, екіншіден, оны қажет ететін бөлігін қамтуы қажет.

Неке концепциясы ерекше институт ретінде ертеден қалыптасқан қатынастарда жақтастары некелік құқықтық қатынастарды шарттардың кейбір элементтері барлығын таниды, бірақ оны шарттық деп қарастырудан бас тартады.

И.А.Зогоровскийдің пікірінше, неке шығу тегі бойынша шарттық келісімге келу, бірақ мазмұны мен тоқтатылуы бойынша шарт, табиғатынан бөлек, өйткені некенің мазмұны мен оны бұзу ерлі-зайыптылардың еркінен тыс. Сондықтан неке институтын шарттық құқық емес ерекше институт деп қарастырған жөн. Г.Ф.Шершеневич И.Канттың пікіріне қосылады, яғни ол некелік құқықтық қатынастарды тудыратын заңдық деректі шарт деп таниды да, оның негізінде пайда болатын қатынастарды ерекше институт деп қарастырады.

Қазіргі кезде ғалымдардың көпшілігі неке (ерлі-зайыптылықты) қию туралы келісімді азаматтық шарт деп танудан бас тартады. Олардың негізгі дәлелдемелері: біріншіден, некеге отырудың мақсаты – некелік қатынастардың пайда болуы ғана емес, сонымен қатар махаббат, құрметке негізделген одақ құру болып табылады. Ал екіншіден, ерлі-зайыптылар неке (ерлі- зайыптылықты) қия отырып, өздері үшін некелік (ерлі-зайыптылық) құқықтық қатынастардың мазмұнын, құқықтар мен міндеттерін анықтай алмайды, өйткені бұлар заңның императивті нормаларымен анықталған және шарттық құқықтық қатынастарға тән емес.

Қазіргі отбасы заңнамасы тек қана тіркелген некеге (ерлі-зайыптылыққа) заңдық мағына береді. Ал тіркелмеген неке (ерлі-зайыптылық) ешқандай құқықтық салдар туындатпайды.

Діни ғұрып немесе белгілі бір халықтың дәстүрі бойынша тіркелген некенің құқықтық мәні болмайды. Ал некені діни ғұрып бойынша мемлекеттік тіркеуге дейін немесе кейін қиюға болады.

Некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұру тәртібі Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 13-бабымен реттеледі. Неке (ерлі-зайыптылық) - некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады. Сонымен қатар некеге тұруға ниет білдірген адамдардың біреуі азаматтық хал актілерін жазу органына келе алмайтын ерекше жағдайларда мұндай адамның тұратын жері бойынша қиылуы мүмкін. Неке қию кезінде өкіл жіберуге жол берілмейді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) қию некеге тұруға тілек білдірушілер АХАТ органына арыз берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Дәлелді себептер болған жағдайда неке (ерлі-зайыптылықты) қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша АХАТ органы бір ай өткенге дейін, сондай-ақ осы мерзімді ұзартуға, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат етуі мүмкін.

Ерекше мән – жайлар болған кезде (жүктілік, бала тууы, бір тараптың өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа ерекше мән-жайлар) неке өтініш берілген күні қиылуы мүмкін.

Некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұрудың шарттары – бұл неке (ерлі-зайыптылық) тіркелуі тиіс және жарамды деп тануға болатын жағдайлары.

Неке (ерлі-зайыптылық) құру шарттары: некеге тұрушылардың өзара келісімі және олардың неке жасына жетуі.

Қазақстан Республикасының заңдары бойынша тек тіркелген неке ғана заңдық мағынаға ие болады. Қандай да бір ұлттың діни ырымдарына немесе дәстүрлеріне сәйкес қиылған неке құқықтық мәнге ие болмайды.

Некеге тұру үшін некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімдері болу керек және неке жасына жету қажет. Ерікті келісім болмаған немесе неке жасына жетпеген жағдайда неке қиюға жол берілмейді. Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін. Неке жасын төмендету туралы өтінішті некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсете отырып қозғай алады.

Араларында неке қиылуына жол берілмейді:

- 1) бір жынысты адамдардың;
- 2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың;
- 3) жақын туыстардың;
- 4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың;
- 5) соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында жол берілмейді.

Некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен неке мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады. Неке (ерлі-зайыптылық) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың тікелей қатысуымен тіркеуші органдарда не арнайы мемлекеттік неке сарайларында қиылады.

Некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адамдардың біреуі тіркеуші органға келе алмайтын ерекше жағдайларда (ауыр науқастануы, қамауда немесе бас бостандығынан айыру орындарында болуы) некені қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үйде, медициналық немесе өзге ұйымда тиісті ұйымның әкімшілігімен міндетті түрде келісе отырып, некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

Неке қию (ерлі-зайыпты болу) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер тіркеуші органға өтініш берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші орган құжаттамамен расталған дәлелді себептер болғанда, бұл мерзімді қысқартады немесе ұзартады.

Айрықша мән-жайлар (жүктілік, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да айрықша мән-жайлар) болған кезде некені қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) қалауы бойынша өтініш берілген күні жүргізіледі.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі, сондай-ақ олардың заңды өкілдері тіркеуші органның неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тартуына сотқа шағым жасауы мүмкін.

Неке (ерлі-зайыптылық) жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді.

Мынадай дәлелді себептер болған:

1) жүкті болған;

2) ортақ бала туған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді.

Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш беруі мүмкін. Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуге тек қана некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) келісімімен жол беріледі.

Неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке (ерлі-зайыптылық) жасына толған адам мен неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адам арасындағы некеге (ерлі-зайыптылыққа) неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат беріледі.

Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімі неке шарты деп танылады.

Неке шарты некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін де, неке кезеңіндегі кез-келген уақытта да жасалуы мүмкін. Некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін жасалған неке шарты некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Неке шарты жазбаша түрде жасалады және оны нотариат куәландыруы тиіс.

Ерлі-зайыптылар неке шартымен заңда белгіленген бірлескен ортақ меншік режимін өзгертуге, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның

жекелеген түрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлектелген меншік режимін белгілеуге құқылы.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкі жөнінде де, болашақтағы мүлкі жөнінде де жасалуы мүмкін.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің кірістеріне қатысу әдістерін, олардың әрқайсысының отбасылық шығындар жасау тәртібін айқындауға, неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті белгілеуге, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді енгізуге құқылы.

Неке шартында көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі бір мерзімдер мен шектелуі не белгілі бір жағдайлардың туындауына немесе туындамауына қарай қойылуы мүмкін.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілетін немесе әрекет қабілеттілігін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды; ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды; еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайдың асырау қаражатын алуға құқығын шектейтін жағдайды көздей алмайды; ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайға қалдыратын немесе неке-отбасы заңдарының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды қамти алмайды.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша кез-келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын өзгерту туралы немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады.

Неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің талап етуі бойынша неке шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде неке шартын өзгерту және бұзу үшін белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша соттың шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Неке шартында, неке тоқтатылғаннан кейінгі кезеңге арналып көзделген міндеттерді қоспағанда, неке шартының қолданылуы неке тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Неке шартын сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мәмілелердің жарамсыздығы үшін көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Егер шарттың талаптары ерлі-зайыптылардың бірін өте қолайсыз жағдайда қалдыратын болса, олардың бірінің талап етуі бойынша да сот неке шартын толық немес ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша өндіріп алу тек сол жұбайының мүлкіне ғана жаслауы мүмкін. Бұл мүлік жеткіліксіз болған жағдайда кредит беруші өзіне өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде борышкер жұбайға тиесілі болатын борышкер жұбайдың үлесін бөліп беруді талап етуге құқылы. Өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ міндеттемелері бойынша, сондай-ақ сот ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша алынғандардың бәрі отбасының қажеттеріне пайдаланғандарын анықтаса, ерлі-

зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойыншада ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен жасалады. Бұл мүлік жеткіліксіз болған жағдайда ерлі-зайыптылар аталған міндеттемелер бойынша өздерінің әрқайсысының мүлкімен бірлесе отырып жауапты болады.

Егер соттың үкімімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылардың біреуі қылмыстық жолмен алған қаражат есебінен сатып алынғаны немесе көбейтілгені анықталса, өндіріп алу тиісінше ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен немесе оның бір мүлкінен жасалуы мүмкін.

Неке шартының түсінігі

Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімі *неке шарты* деп танылады.

Неке шарты некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін де, неке кезеңіндегі кез-келген уақытта да жасалуы мүмкін. Некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін жасалған неке шарты некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Неке шарты жазбаша түрде жасалады және оны нотариат куәландыруы тиіс.

Ерлі-зайыптылар неке шартымен заңда белгіленген бірлескен ортақ меншік режимін өзгертуге, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның жекелеген түрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлектелген меншік режимін белгілеуге құқылы.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкі жөнінде де, болашақтағы мүлкі жөнінде де жасалуы мүмкін.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің кірістеріне қатысу әдістерін, олардың әрқайсысының отбасылық шығындар жасау тәртібін айқындауға, неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті белгілеуге, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді енгізуге құқылы.

Неке шартында көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі бір мерзімдер мен шектелуі не белгілі бір жағдайлардың туындауына немесе туындамауына қарай қойылуы мүмкін.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілетін немесе әрекет қабілеттілігін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды; ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды; еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайдың асырау қаражатын алуға құқығын шектейтін жағдайды көздей алмайды; ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайға қалдыратын немесе неке-отбасы заңдарының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды қамти алмайды.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша кез-келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын өзгерту туралы немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады.

Неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің талап етуі бойынша неке шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде неке шартын өзгерту және бұзу үшін белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша соттың шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Неке шартында, неке тоқтатылғаннан кейінгі кезеңге арналып көзделген міндеттерді қоспағанда, неке шартының қолданылуы неке тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Неке шартын сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мәмілелердің жарамсыздығы үшін көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Егер шарттың талаптары ерлі-зайыптылардың бірін өте қолайсыз жағдайда қалдыратын болса, олардың бірінің талап етуі бойынша да сот неке шартын толық немес ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша өндіріп алу тек сол жұбайының мүлкіне ғана жаслауы мүмкін. Бұл мүлік жеткіліксіз болған жағдайда кредит беруші өзіне өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде борышкер жұбайға тиесілі болатын борышкер жұбайдың үлесін бөліп беруді талап етуге құқылы. Өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ міндеттемелері бойынша, сондай-ақ сот ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша алынғандардың бәрі отбасының қажеттеріне пайдаланғандарын анықтаса, ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен жасалады. Бұл мүлік жеткіліксіз болған жағдайда ерлі-зайыптылар аталған міндеттемелер бойынша өздерінің әрқайсысының мүлкімен бірлесе отырып жауапты болады.

Егер соттың үкімімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылардың біреуі қылмыстық жолмен алған қаражат есебінен сатып алынғаны немесе көбейтілгені анықталса, өндіріп алу тиісінше ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен немесе оның бір мүлкінен жасалуы мүмкін.

## ***2.2. Некені жарамсыз деп тану негіздерінің тәртібі мен салдары***

Некенің жарамсыздығы дегеніміз - некеге тұрғаннан бастап пайда болған барлық құқықтық салдарды жою. Некенің күшін жоюдың мәнісі мұндай неке бұрын-сонды болмаған деп танылады, ешкімге құқықтар мен міндеттер жүктелінбейді.

Жақын туыс адамдардың арасында неке қиюға тыйым салынады. Бұл тыйым салудың негізінде көптеген тұқым-қуалаушылық аурулардың болашақ ұрпаққа медициналық-биологиялық жолмен берілу мүмкіндігі жатыр. Мәселен, қазақтың әдеттік құқығы жеті атаға дейінгі туыс адамдардың некеге тұруына тыйым салады. Қазіргі қолданылып жүрген заң немере қарындастары мен ағаларының, нағашылары мен жиендерінің некеге тұруына тыйым салмайды. Бірақ әдептік нормалармен денсаулығы нашар ұрпақтың дүниеге келу мүмкіндігі мұндай некеге көбіне тоқтау салады. Бала асырап алушылар мен асырап алынғандар арасындағы некеге тыйым салу адамгершілік-әдептік нормаларға негізделген. Олардың арасында қандастық туыстық байланыс болмаса да, асырап алу фактісінен туындайтын қатынастар, ата-аналық және баласы ретіндегі қатынас қалыптасуы тиіс.

Некенің жарамсыздығы туралы мәселе, егер ол мынадай жағдайларда қиылған болса туындайды:

- некеге тұрушылардың өзара келісімі болмаған;
- неке жасына жетпеген адаммен некелескен;
- іс-әрекетке қабілетсіз адаммен;
- жақын туыстарымен;
- өзге біреумен тіркелген некеде тұратын адаммен;
- бала асырап алушылар мен асырап алынғандар арасында.
- жалған неке (ерлі-зайыптылық) қиылған кезде;
- мәжбүрлеп неке (ерлі-зайыптылық) қиылған кезде;
- егер некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) адамдардың біреуі екіншісінен құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының және қоғамның қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретін ауруы бар екенін жасырса, сот некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп таниды.
- сот некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде соттың осы шешімінің үзінді көшірмесін неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) мемлекеттік тіркелген жері бойынша тіркеуші органға жіберуге міндетті.
- неке (ерлі-зайыптылық) қиылған күнінен бастап жарамсыз деп танылады.

Бұдан басқа, жалған неке, яғни отбасын құру мақсатын көздемейтін неке жарамсыз деп танылады. Әдетте, жалған некеге тұру қандай да бір мүліктік құқыққа және игілікке қол жеткізу мақсатында жасалады. Тұрғын үй алу, астаналық қалада тіркелу, тұрақты тұру үшін шетелге көшуді қалау, азаматтық алу, мұраға ие болу — мұндай мақсаттың көбінесе көздейтіні осылар. Жалған некені көзге басқаша көріну үшін жасалатын неке деп атауға болады. Жалған некені өз пайдасын көздеп жасалатын есепті некеден айыра білу керек. Соңғысы ерлі-зайыптылардың біреуі не екеуі тарапынан белгілі бір пайданы көздеп жасалатын неке болса да, алайда сөзсіз отбасын құру мақсатын көздейді. Жалған некеде мұндай мақсат мүлдем болмайды. «Есепті неке» қоғамда теріс бағаланатындығына қарамастан, жарамсыз деп танылмайды, өйткені ол қандай да бір пайда табуға (материалдық, әлеуметтік және т.б.) ғана бағытталған емес, ерлі-зайыптық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге бағытталған неке. Жаңадан құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының қауіпсіздігіне нақты қатер төндіретін ауруын (мысалы, ВИЧ-инфекциясы, адам ағзасында ауруға қарсы тұратын заттардың жетіспеушілігі, сөз және басқалары) жасырған адаммен қиылған неке жарамсыз деп танылуы мүмкін. Мәжбүрлеп қиылған неке де жарамсыз, діни әдет-ғұрыптарды қатал ұстанатын және келісімді қажет етпейтін әйелдерге қатысты жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда тек жәбір көрген әйелдің өзі немесе прокурордың ғана оның өзін қорғау жөнінде сотқа жүгінуге қақы бар екендігін атап көрсету қажет. Неке ол қиылған күннен бастап жарамсыз деп танылады. Некені жарамсыз деп тану ерлі-зайыптылардың барлық жекебастық және мүліктік құқықтарының жойылғандығын білдіреді. Ерлі-зайыптылар ортақ тек алу, ерінің не әйелінің тұрақжайын пайдалану, алимент алу құқығынан айырылады. Алайда кейбір жағдайлар көмекке

мұқтаж және жарамсыз некені қиған кезде сот адал деп таныған кінәсіз ері не әйелі алимент алуға, тегін сақтау құқығын сақтап қала алады. Некені жарамсыз деп танудың салдарынан өзіне келтірілген моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге қақы бар. Адал деп танылған ерлі-зайыптылардың некеге тұруға кедергі болатын жағдайларды білмеуін заң түсінеді. Мысалы, есінің дұрыс еместігі, туысқандық жақындығы сияқты. Бірақ сонымен бірге некенің жарамсыз деп танылуы мұндай некеден туған балалардың құқығына ықпал ете алмайды, өйткені баланы оның ата-аналары жіберген құқық бұзушылық үшін жазалауға болмайды. Сонымен, ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын, отбасын құру мақсатымен заңда белгіленген тәртіп бойынша тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған ері мен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты неке деп түсінуіміз керек. Қазақстанда тек мемлекеттік азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында жасалған адамдардың одағы ғана неке деп танылады. Болашақ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі және олардың неке жасы 18-ге толуы неке қиюдың басты шарты болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастар құқықтары мен міндеттерінің теңдік қағидаларына негізделеді. Азаматтық некеден туған балалар, тіркелген некеден туған балалар сияқты заңмен қорғалады. Алайда мұндай қатынастар әдетте тараптар үшін заңдық салдар туындатпайды.

Некесі (ерлі-зайыптылығы) жарамсыз деп танылған адамдар бірлесіп сатып алған мүліктің құқықтық режимі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларымен реттеледі. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылар жасасқан неке шарты жарамсыз деп танылады.

Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану мұндай некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жүз сексен күн ішінде туған балалардың құқығына нұқсан келтірмейді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану туралы шешім шығарылған кезде сот некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылған мән-жайлар неке қию (ерлі-зайыпты болу) кезінде өзіне белгілі болмаған жұбайдың (адал ниетті жұбайдың) екінші жұбайдан Неке және отбасы» Кодексінің 148 және 149-баптарына сәйкес қаражат алу құқығын тануға құқылы, ал неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған кезге дейін бірлесіп сатып алынған мүлікті бөлуге қатысты «Неке және отбасы» кодексінің 33, 37 және 38-баптарында белгіленген ережелерді қолдануға, сондай-ақ неке шартын толық немесе ішінара жарамды деп тануға құқылы.

Адал ниетті жұбай некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану кезінде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезіндегі өзі таңдаған тегін сақтауға құқылы.

### **2.3 Некені тоқтату**

Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқытық қатынастарының тоқтатылуын некенің тоқтатылуы деп түсінеді. Неке заңда айқындалған



белгілі бір оқиғалардың тууына байланысты немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің не екеуінің бірдей қалауымен тоқтатылады. Некені тоқтататын оқиғалар қатарына мыналар жатады:

- ерінің қайтыс болуы;
- соттың ерлі-зайыптылардың біреуін өлді деп жариялауы;
- некенің бұзылуы (ажырасу).

Некенің тоқтату негіздерінің тізімі толық болып табылады. Ері қайтыс болған немесе ерлі-зайыптылардың біреуі өлді деп жарияланған жағдайда неке өздігінен тоқтатылады. Егер артында қалған адам жаңадан некеге тұрғысы келсе, бұрынғы неке бойынша ерінің өлгені бойынша АХАТ органдары берген куәлікті көрсетсе де жеткілікті. Соттың азаматты (ерлі-зайыптылардың бірін) өлді деп жариялау жөніндегі шешімі долбараға ғана негізделеді. Ол адамның өлгені туралы нақты ақиқат дәлелдер жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 31-бабына сәйкес, егер азамат тұрақты тұратын жерде үш жыл бойына ол туралы ешқандай мәліметтер болмаса, егер ол өлім қаупі төнген жағдайда немесе оның өлімі алты ай ішінде жазатайым оқиғадан болды деп есептеуге негіз болатын жағдайларда хабар-ошарсыз кетсе, ол азамат мүдделі адамдардың арызы бойынша сот арқылы өлді деп жариялануы мүмкін. Сот азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы шешім шығарған сәттен бастап, онымен неке тоқтатылды деп есептеледі. Кейде қайтыс болды деп жарияланған адамдардың шындығында тірі болып шығатын жағдайлары да кездеседі. Өлді деп жарияланған жұбайы тірі келген жағдайда сот әлгі шешімді бұзады, бірақ тоқтатылған неке өздігінен қалпына келтірілмейді. Ол ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша АХАТ органдары арқылы қалпына келтірілуі мүмкін. Егер қалпына келтіру туралы өтініш берілмесе, ерлі-зайыптылардың екеуінің де тірі екендігіне қарамастан, неке тоқтатылған деп есептеледі. Басқа жұбай жаңа некеге тұрған жағдайда, бұрынғы неке қалпына келтіріле алмайды. Жаңа некенің тағдыры түрліше шешілуі мүмкін: ол не сақталады, немесе бұзылады, бұл кейін бұрынғы жұбайымен некесін тіркеуге мүмкіндік береді.

### **Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу**

Ерлі-зайыптылардың ортақ кәмелетке толмаған балалары болған жағдайда, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың біреуінің ажырауға келісімі болмаған жағдайларда неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады. Бұл екі жағдайдың арасында маңызды айырмашылықтар бар.

Некені (ерлі-зайыптылықты) ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша бұзу кезінде, яғни, ортақ кәмелетке толмаған балалары бар, сот АХАТ органдарының ролін атқарады.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 19-бабы бойынша неке (ерлі-зайыптылық) мынандай жағдайларда сот тәртібімен бұзылады:

1. ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған;
2. ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған;
3. егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына

қарамастан, өз іс- әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған;

4. ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайларда, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

Егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаса, неке сот тәртібімен бұзылады. Әрине бұл ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайға байланысты айтылған жайт. Сонымен қатар Кодекс бойынша ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайда, сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін 6 ай көлемінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Егер ерлі-зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болып шықса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені бұзуды талап етсе, неке бұзылады.

Кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 21 бабында аталған ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі болған жағдайда сот некені айырылысу себептерін анықтамай-ақ бұзады.

Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу ерлі-зайыптылар некені бұзу туралы арыз берген күннен бастап кемінде бір ай өткен соң жүргізіледі. Заң бойынша ерекше жағдайларда сот бұл мерзімді азайтуы мүмкін.

Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу кезінде ерлі-зайыптылар соттың қарауына кәмелетке толмаған балалар өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға қаражат төлеу тәртібі туралы, бұл қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісім ұсына алады. Егер ерлі-зайыптылардың арасында бұл аталған мәселелер бойынша келісім болмаса, сондай-ақ ол келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталса, сот:

- неке бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-анасының қайсысымен тұратындығын айқындауға;
- балаларды асырауға алимент ата-аналардың қайсысынан және қандай мөлшерде өндіріп алынатынын белгілеуге;
- ерлі-зайыптылардың (олардың біреуінің) талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуді жүргізуге;
- екінші жұбайдан асырауға қаражат алуға құқығы бар жұбайдың талап етуі бойынша осы асырау қаражатының мөлшерін айқындауға міндетті.

Егер мүлікті бөлу үшінші бір адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, сол мүлікті бөлу туралы жеке іс жүргізіліп, талапты жеке істе қозғауға құқылы.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылатын неке (ерлі-зайыптылық) азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің бұзылғандығы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке (ерлі-зайыптылық) сотта бұзылған жағдайда – соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап

тоқтатылады.

Сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жердегі, сондай-ақ неке (ерлі- зайыптылықты) қию мемлекеттік тіркелген жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына жолдауға міндетті. Ерлі-зайыптылардың азаматтық хал актілерін жазу органында некенің бұзылғаны туралы куәлік алғанға дейін жаңадан некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұруға құқығы жоқ.

### **3-ТАҚЫРЫП. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### ***3.1 Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері. Ерлі-зайыптылардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі***

Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері азаматтық хал актілерін жазу органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындайды.

Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауға ерікті. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі зайыптылар бірлесіп шешеді.

Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп жетілуіне және олардың әл-ауқатты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылар өз тілектері бойынша ортақ тек ретінде өздерінің біреуінің тегін таңдап алады не ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзінің некеге тұрғанға дейінгі тегін сақтап қалады, не өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосады.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болса, тектерді қосуға жол берілмейді.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің тегін өзгертуі екінші жұбайдың тегін өзгертуіне әкеп соқпайды.

Неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылар ортақ текті сақтауға немесе өздерінің некеге тұрғанға дейінгі тегін өзгертуіне әкеп соқпайды.

Ерлі – зайыптылар арасындағы жеке қатынастар, мүліктік қатынастармен салыстырғанда ерлі–зайыптылардың өмірінде, сөзсіз үлкен орын алады және маңызды роль атқарады. Алайда, жоғарыда атап өткендей, ерлі – зайыптылардың барлық мүліктік емес жеке қатынастары құқықпен реттелмейді. Достық, сүйіспеншілік, құрметтеу, бір – біріне деген сенім құқықтық реттеуге жатпайды. Ерлі – зайыптылардың күнделікті өмірінің негізін құрайтын қатынастардың көпшілігі құқықтан тысқары жатады. Сондықтан да құқықпен реттелетін ерлі – зайыптылар қатынастарының ішінде, жеке қатынастар мүліктік қатынастарға қарағанда елеулі түрде аз орын беріледі.

Ерлі – зайыптылардың жеке қатынасын реттейтін нормаларды шартты

түрде үш топқа бөлуге болады. Ерлі – зайыптылардың айналысатын қызметін, мамандығын, тұрғылықты жерін таңдау құқығын бекітетін, құқықтық табиғаты бойынша конституциялық құқық нормалары болып саналатын нормалар бірінші топты құрайды. Санкциялар арқылы айырылған, жоғарыда айтылған норма – декларациялар екінші топқа кіреді. Және үшінші топ қана санкциялармен жабдықталған, кәдімгі отбасылық – құқықтық нормалардан тұрады.

Ерлі – зайыптылардың мүліктік қатынасы жеке мүліктік емес қатынасқа қарағанда құқықтық тұрғыдан неғұрлым жақсы реттеледі. Сондықтан да ерлі – зайыптылардың өмірінде онымен салыстырғанда елеулі түрде аз орын ала отырып, олар соған қарамастан құқықпен реттелетін ерлі– зайыптылар қатынасының басым көпшілігін құрайды. Ерлі – зайыптылардың мүліктік қатынастары, біріншіден, мүліктік құқықтар әрқашанда дерлік мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екендігінен және мүліктік міндеттерді орындамағаны үшін санкциялар белгіленуі мүмкін екендігінен құқықтық реттеуді қажетсінеді.

Алайда ерлі – зайыптылардың мүліктік қатынасының барлығы құқықпен реттелмейді. Олардың кейбір бөлігі құқықтың сыртында қалады, мысалы, пәтерақыны кім төлейді, жазғы демалысты кім төлейді, осылар туралы күнделікті өмірде жасалатын ерлі – зайыптылардың келісімі, негізінен таза тұрмыстық сипатқа ие және мәжбүрлеу арқылы жүзеге асыруға жатпайды.

Ерлі – зайыптылардың меншігі туралы жалпы ереже қазіргі уақытта ҚР Азаматтық Кодексте (223-бабы) енгізілген. Демек, ерлі – зайыптылардың бір (бірлескен) меншігі бір мезгілде азаматтық және отбасы заңдарымен реттеледі. Тұтастай түрде меншік туралы және жиі түрде бірлескен меншік туралы Азаматтық кодекстің жалпыға бірдей нормалары оған қолдануға қолайлы.

Ерлі – зайыптылар некеде тұрған уақыттың кез келген сәтінде, сондай ақ некені бұзғаннан кейін де бірлескен мүлікті бөлу құқығына ие. Бірлескен мүлікті бөлу туралы талапты сондай – ақ ерлі – зайыптылардың бірінің кредиторлары, ортақ мүліктегі оның үлесіне өндіруге тілек білдіру арқылы мәлімдемеуі мүмкін.

### **3.2.Ерлі-зайыптылардың мүліктік және мүліктік емес қатынастары**

Ерлі-зайыптылардың мүліктерінің заңды немесе шартты режимі болуы мүмкін.

Егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың шаруа (фермерлік) қожалығы мүшелерінің бірлескен меншігі болып табылатын мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 224 және 225-баптарымен белгіленеді.

Ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкіне (ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне) ерлі-зайыптылардың

әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және санаткерлік қызмет нәтижелерінен тапқан табыстары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен түскен кірістер, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзгеде ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетін жоғалтуына және басқаларына байланысты залалды өтеуге төленген сомалар) жатады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ кірістерінің есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, жарналар, салымдар, несие мекемелеріне немесе өзге коммерциялық ұйымдарға салынған капиталдағы үлестер және ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезеңде тапқан басқа да кез-келген мүлік ол ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарына ерлі-зайыптылардың қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Ерлі-зайыптылардың біреуі ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне билік ету жөнінде жасасқан мәмілесін сот басқа жұбайдың келісімі болмауын дәлел етіп, тек оның талап етуімен ғана және басқа тараптың мәміле жөнінде білгендігі немесе осы мәмілені жасауға басқа жұбайдың күні бұрын білуі тиіс екендігі дәлелденген жағдайларда ғана жарамсыз деп тануы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуі жылжымайтын мүлікке билік ету жөнінде мәміле мен нотариаттық куәландыруды және (немесе) заңда белгіленген тәртіппен тіркеуді талап ететін мәміле жасауы үшін басқа жұбайдың нотариат куәландырған келісімін алыу қажет. Аталаған мәміле жасауға нотариат куәландырған келісімі алынбаған жұбай осы мәміленің жасалғандығы туралы өзі білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл ішінде мәмілені сот тәртібімен жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Мыналар ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады:

1) некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;

2) ерлі-зайыптылардың некеге тұрған кезеңінде сыйлыққа, мұрагерлік тәртібімен, немесе өзге де мәміле жасау бойынша тегін алған мүлкі;

3) қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, жеке пайдалану заттары (киім-кешек, аяқ киім және басқалар)

Некенің іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрған кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы тапқан мүлікті сот оларды әрқайсысының меншігі деп тануы мүмкін.

Егер некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе басқа жұбайдың мүлкі не ерлі-зайыптылардың кез-келгенінің еңбегі сесбінен осы мүліктің құнын едәуір арттыратын салыным жүргізілгені (күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, қайта жабдықтау және с.с) анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі деп танылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу ерлі-зайыптылардың кез-келгенінің талап етуі бойынша неке кезеңінде де, ол бұзылғаннан кейін де, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі ерлі-зайыптылардың біреуінің үлесінен өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы кредит берушінің талабын мәлімдеуі жағдайында да жүргізулі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылар арасында олардың келісімі бойынша бөлінуі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың қалауы бойынша олардың ортақ мүлікті бөлу туралы келісімі нотариат арқылы куәландырылуы мүмкін.

Дау туған жағдауда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың сол мүліктегі үлестерін анықтау сот тәртібімен жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша ерлі-зайыптылардың әрқайсысына қандай мүлік берілуге тиіс екендігін анықтайды. Егер ерлі-зайыптылардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, басқа жұбайға тиісінше ақшалай немесе өзге де өтемақы берілуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған балалардың ғана қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар (киім-кешек, аяқ киім, мектеп және спорт жабдықтары, музыкалық аспаптар, балалар кітапханасы және басқалары) бөлінуге жатпайды және бала бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің есебінен ерлі-зайыптылар өздерінің кәмелетке толмаған ортақ балаларының атына салым салымдары сот балаларға тиесілі болып есептеледі және ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлген кезде есепке алынбайды.

Ерлі-зайыптылардың неке кезеңіндегі ортақ мүлкін бөлген жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің бөлінбеген бөлігі, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың одан кейінгі неке кезеңінде тапқан мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігін құрайды.

Некесі бұзылған ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы ерлі-зайыптылар талабына талап-арыз мерзімі өтуінің үш жылдық мерзімі қолданылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және және осы мүліктегі үлестерін айқындау кезінде, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі тең деп танылады.

Сот кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін негізге ала отырып және (немесе) ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін негізге ала отырып, егер жұбайлардың бірі дәлелсіз себептермен табыс таппаса немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін отбасының мүдделеріне залал келтіріп жұмсаса, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлестерінің теңдігі негізін ескермеуге құқылы.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ борыштары, олардың арасында өздеріне берілген үлеске қарай бөлінеді.

## **4-ТАҚЫРЫП. АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР.БАЛА АСЫРАП АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**

### ***4.1 Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері***

Ата-аналардың құқықтары — бұл кәмелетке толмаған балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты заңнамалық нормалармен бекітілген құқықтар жиынтығы. Ата-аналар балаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың әлеуметтік, эмоционалдық және физикалық дамуына жауапты.

Ата-аналардың құқықтарының түрлері:

#### ***1. Тәрбиелік құқықтар:***

- бала тәрбиесінің әдістерін таңдау;
- баланың білім алуын, денсаулығын және дамуын бақылау;
- отбасылық тәртіпті, моральдық және этикалық нормаларды орнату.

#### ***2. Заңды құқықтар:***

- баланың құқықтарын қорғау;
- баланы қорғау және оған қатысты шешімдер қабылдау;
- балаға қатысты заңды талаптарды жүзеге асыру.

#### ***3. Экономикалық құқықтар:***

- баланың қаржылық мүдделерін қорғау;
- баланың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік қолдауға қол жеткізу.

#### ***4. Денсаулық сақтау құқықтары:***

- баланың медициналық қызметтерді алуын қамтамасыз ету.
- медициналық бақылау және емдеу шараларына қатысу.
- денсаулық сақтау және медициналық шешімдер қабылдауға құқық.

#### ***5. Коммуникациялық құқықтар:***


- баланың әлеуметтік және мәдени дамуына қатысу;
- отбасының басқа мүшелерімен және қоғаммен байланыс орнату;
- баланың психологиялық және эмоциялық қолдауға құқық.

Ата-аналардың құқықтарымен қатар міндеттері де бар:

- бала тәрбиесі мен дамуына жауапкершілік;
- бала құқықтарын қорғау және оларды орындау;
- қаржылық, әлеуметтік және эмоционалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Ата-аналардың құқықтары балалардың тәрбиесі мен дамуын қамтамасыз ететін маңызды аспект. Олар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғап, қоғамдағы жауапкершілікті арттырады. Ата-аналар балаларының өміріне қатысты шешімдер қабылдауда құқықтарын тиімді пайдалану арқылы оларды сапалы тәрбиелеу мен дамытуға үлес қосады.Ата-аналардың өз балаларына қатысты құқықтары тең және

міндеттері (ата-ана құқықтары) тең болады. Олар балалары он сегіз жасқа (кәмелетке) толғанда, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалар некеге тұрған кезде тоқтатылады.



**Кесте: Ата-аналардың құқықтары.**

Кәмелетке толмаған ата-аналардың баласымен бірге тұруға және оны тәрбиелеуге қатысуға құқығы бар.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындауға және оған дау айтуға құқығы бар, сондай-ақ олардың он төрт жасқа толғаннан кейін сот тәртібімен өз балаларына қатысты әке болуын анықтауды талап етуге құқығы бар.

Ата-аналар өз балаларының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті. Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуге құқығы бар және оған міндетті.

Ата-аналардың басқа да барлық адамдарға қарағанда өз балаларын тәрбиелеуге басым құқығы бар.

Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады.

Ата-аналар балалардың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.



Ата-аналардың балалардың пікірін ескере отырып, орта білім алғанға дейін білім беру мекемесі мен балаларды оқыту нысанын таңдауға құқығы бар.

Балалардың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді балалардың мүдделерін негізге алып және балалардың пікірін ескере отырып, өзара келісімі бойынша ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушілік болған жағдайда олар (олардың біреуі) бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншы және қамқоршы органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Ата-аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады және кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда арнаулы өкілеттіксіз олардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Егер қорғаншы және қамқоршы орган ата-аналар мен балалар мүдделерінің арасында қайшылық барын анықтаса, ата-аналардың өз балаларының мүдделерін білдіруге құқығы жоқ. Ата-аналар мен балалардың арасында келіспеушілік болған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауға міндетті.

Ата-ана құқықтарын балалардың мүдделеріне қарама-қайшы жүзеге асыруға болмайды. Балалардың мүдделерін қамтамасыз ету олардың ата-аналары қамқорлығының негізгі мәні болуға тиіс.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар балалардың дене және психикалық денсаулығына, олардың адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқығы жоқ. Балаларды тәрбиелеу әдістерінде адамның қадір-қасиетін кемсітетін, немқұрайлылық, қатыгездік, дөрекілік, балаларды қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Ата-ана құқықтарын балалардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жүзеге асыратын ата-аналар заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.

Баласынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен қарым-қатынас жасауға, оны тәрбиелеуге және баланың білім алуы мәселелерін шешуге қатысуға құқығы бар.

Бала бірге тұратын ата-ана, егер мұндай қарым-қатынас жасау баланың дене және психикалық денсаулығына, оның адамгершілік дамуына зиян келтірмесе, баланың екінші ата-анасымен қарым-қатынас жасауына кедергі кедергі болмауға тиіс.

Ата-аналары бөлек тұрып жатқан жағдайда балалардың тұратын жері ата-аналарының келісімімен белгіленеді.

Келісім болмаған жағдайда ата-аналардың арасындағы дауды балалардың мүдделерін негізге алып, және балалардың пікірін ескере отырып сот шешеді. Бұл орайда баланың ата-аналардың әрқайсысына, аға-інілері мен апа-сіңлілеріне (қарындастарына) үйірлігін, баланы жасын, ата-аналардың адамгершілік және өзге де жеке қасиеттерін, ата-аналардың әрқайсысы мен баланың арасында орын алған қатынастарды, олардың дамыту және тәрбиелеу үшін балаға жағдай жасау мүмкіндігін (ата-аналар қызметінің түрі, жұмыс режимі, материалдық және отбасылық жағдайы және т.с.с.) ескереді.

Ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқығын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша түрде келісім жасасуға құқылы.

Егер ата-аналар келісімге келе алмаса, ата-аналардың (олардың біреуінің) талап етуі бойынша дауды қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен сот шешеді.

Баласынан бөлек тұратын ата-ананың өз баласы туралы тәрбие, емдеу мекемелері мен басқа да мекемелерден ақпарат алуға құқығы бар.

Ақпарат беруден ата-ана тарапынан баланың өмірі мен денсаулығына қатер болған жағдайларда ғана бас тартылуы мүмкін. Ақпарат беруден бас тартуға сот тәртібімен дау айтылуы мүмкін.

Ата-аналар заң немесе сот шешімі негізінсіз баланы өз қолында ұстап отырған кез келген адамнан оны қайтаруды талап етуге құқылы. Дау туындаған жағдайда ата-аналар өз құқықтарын қорғау үшін сотқа шағымдануға құқылы.

Бұл талаптарды қарау кезінде сот баланы ата-анасына беру баланың мүдделеріне сай келмейді деген қорытындыға келсе, баланың пікірін ескере отырып, ата-анасының талап-арызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

Егер сот ата-анасының да, бала қолындағы адамның да оның дұрыс тәрбие алуы мен дамуын қамтамасыз етуге жағдайы жоқ екендігін анықтаса, сот баланы қорғаншы және қамқоршы органның қамқорлығына береді.

#### **4.2. Ата-ана құқығынан айыру және оны шектеу**

Егер ата-аналар (олардың біреуі):

1) ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтаратын болса;

2) өз баласын перзентханадан (бөлімшесінен) не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемелерден алудан дәлелді себептерсіз бас тартса;

3) өздерінің ата-ана құқықтарын пайдаланып қиянат жасаса;

4) балаларға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде олардың денесіне немесе психикасына зорлық-зомбылық жасаса, олардың жыныстық пәктігіне қастандық жасаса;

5) заңдарда белгіленген тәртіппен маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған болса, олар ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.

Өз балаларының не жұбайының өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған жағдайда ата-аналар (олардың біреуі) ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.

Ата-ана құқығынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі. Ата-ана құқығынан айыру туралы істер ата-аналардың біреуінің (олардың орнындағы адамдардың), кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген органдардың немесе ұйымдардың (қорғаншы және қамқоршы органдардың; кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

балаларға арналған мекемелердің және басқаларының) арызы бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы бойынша қаралады.

Ата-ана құқығынан айыру туралы істер прокурор мен қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен қаралады.

Ата-ана құқығынан айыру туралы істі қараған кезінде сот ата-ана құқығынан айырылған ата-аналардан (олардың біреуінен) алимент өндіріп алу туралы мәселені шешеді.

Сот ата-ана құқығынан айыру туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде бұл шешімнің көшірмесін баланың тууын мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы мен қорғаншы және қамқоршы органға жолдауға міндетті.

Ата-ана құқықтарынан айыру балалармен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан асырауға қаражат алу, сондай-ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақылар алу құқықтарынан айырылуға әкеп соғады.

Ата-ана құқығынан айыру ата-аналарды өз баласын асырау міндетінен босатпайды, ол баланы асырап алу арқылы тоқтатылады.

Ата-анасы (олардың біреуі) ата-ана құқықтарынан айырылған бала ата-анасымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне, оның ішінде мұра алу құқығына негізделген тұрғын үй-жайға меншік құқығы немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын, сондай-ақ мүліктік құқықтарын сақтап қалады.

Баланы басқа ата-анаға беру мүмкін болмаған кезде немесе ата-анасының екеуі де ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда бала қорғаншы және қамқоршы органның қамқорлығына беріледі.

Егер ата-аналар (олардың біреуі), мінез-құлқын, тұрмыс салтын және баланы тәрбиелеуге көзқарасын өзгертсе, олардың ата-ана құқықтары қалпына келтірілуі мүмкін. Он жасқа толған бала жөніндегі ата-ана құқықтарын қалпына келтіру баланың келісімімен ғана жасалуы мүмкін.

Егер бала асырап алынған болса және асырап алудың күші жойылмаса, ата-ана құқықтарын қалпына келтіруге жол берілмейді.

Сот баланың мүддесін ескере отырып, баланы ата-анадан (олардың біреуінен) оларды ата-ана құқықтарын айырмай алу жолымен ата-ана құқықтарын шектеу туралы шешім шығара алады.

Егер баланың ата-аналармен (олардың біреуімен) қалуы:

1) ата-аналарға (олардың біреуіне) байланысты емес мән-жайлар (психикасының бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауру, ауыр мән-жайлардың және с.с. салдары) бойынша бала үшін қауіпті болса;

2) олардың мінез-құлқының салдары бала үшін қауіпті болса, алайда ата-аналарды (олардың біреуін) ата-ана құқықтарынан айыру үшін жеткілікті негіздер анықталмаған болса, ата-ана құқықтарын шектеуге жол беріледі. Егер ата-аналар (олардың біреуі) өз мінез-құлқын өзгертпесе, қорғаншы және қамқоршы орган ата-ана құқықтарын шектеу туралы сот шешімі шыққаннан кейін алты ай өткен соң оларды ата-ана құқықтарына айыру туралы талап қоюға міндетті. Баланың мүдделеріне сәйкес қорғаншы және қамқоршы орган осы мерзім аяқталғанға дейін ата-аналарды (олардың біреуін) ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюға құқылы.

Ата – аналардың (немесе біреуінің) ата – аналық құқықтарынан айырудың негіздері.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 75 бабында көрсетілген. Жоғарыда атап өтілген тізім ата – аналардың құқықтарынан айыруға бұлтартпайтын негіз болып табылады. Бұл негіздерге мыналар жатады:

- ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;
- өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;
- өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса; балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;
- спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарына салынса, психотроптық заттарды және (немесе) осыларға ұқсас заттарды теріс пайдаланса, олар ата-ана құқықтарынан айрылады.

Ата – аналардың құқықтарынан айыру егер сот баланың мүддесін қорғау басқа шаралармен қамтамасыз етілмейді деп санаған жағдайда қолданылады.

Ата – аналардың құқықтарынан айыру туралы талап ету құқығына екінші ата – ана, оның қорғаншысы және кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген немесе ұйымдар ие.

Ата – аналар құқықтарынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі. Сонымен қатар ата – ана құқығынан айыру туралы ішкі істер прокурор мен қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен қаралады. Сот ата – ана құқығынан айыру туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде бұл шешімнің көшірмесін баланың тууын мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы мен қорғаншы және қамқоршы органға жолдауға міндетті.

Ата – ана құқықтарын айыру балалар мен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан асырауға қаражат алу, сондай – ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақылар алу құқықтарынан айыруға әкеп соғады.

Сонымен қатар ата – ана құқықтарынан айыру ата – аналарды өз баласын асырау міндетінен босатпайды. Бұл міндет баланы асырап алған кезде ғана тоқтатылады.

Ата – ана құқықтарынан айыру, баланы ата – анасынан алып қоюмен ұласады, өйткені бұл шараның мақсаты – баланы оның дамуына қолайлы ортаға ауыстыру. Баланы басқа ата – анаға беру мүмкін болмаған ретте немесе баланың екі ата - анасының да ата – ана құқықтарынан айырған жағдайда бала қорғаншы және қамқоршы органның қамқорлығына беріледі. Адамгершілік қағидасын негізге ала отырып заң ата – аналарға, қорғаншы және қамқоршы органның рұқсатымен кездесуге мүмкіндік береді.

Өзіне қатысты ата – ана құқықтарынан айырылған баланың тұрғын үйге деген меншік құқығы немесе оны пайдалану құқығы, сонымен қатар ата –

аналармен және басқа негізделген мүліктік құқықтар, оның ішінде мұра алу құқығы да сақталып қалады.

Ата – ана құқықтарынан айырған жағдайда бұл баланы соттың шешімі шыққан күннен бастап алты ай өткенге дейін асырауға беруге болмайды.

Ата – ана құқықтарынан айыру өзгеріссіз қалатын акт емес. Ата – аналар өздерінің іс - әрекетін, өмір салтын және бала тәрбиесіне деген көзқарасын өзгерткен жағдайда олардың құқықтары қалпына келтірілуі мүмкін.

Ата – ана құқықтарын қалпына келтіру, ата – ана құқығынан айырылған ата – ананың арызы бойынша сотта қаралады. Ата – ана құқықтарын қалпына келтіру туралы істер қамқоршы және қорғаншы органның және прокурордың қатысуымен қарастырылады.

Қамқоршы және қорғанушы органы ата – аналардың өздері туралы берген мәліметтердің шынайылығын тексереді.

Ата – ана құқықтарын қалпына келтіру және баланы ата – анаға қайтару, бұл баланың мүддесіне қайшы келмейтін болған жағдайда жүзеге асырылады. Ал он жасқа толған балаға қатысты ата – ана құқықтарын қалпына келтіру оның келісімімен жүзеге асырылады. Баланың асырап алынғаны туралы шешімнің күші жойылмай, ата – ана құқықтары қалпына келтірілмейді.

Ата – ана құқықтарын қалпына келтірген жағдайда бала мен ата – ана арасындағы қарым – қатынастар толық көлемде қалыптастырылады.

Неке-отбасы заңдары ата – ана құқықтарынан айырумен қатар ата – ана құқықтарын шектеуді де қарастырады. Ата – ана құқықтарын шектеу баланы ата – анасынан оларды құқықтарынан айырмай алып қоюды білдіреді.

Балаларға ата – аналарына бағынышты емес жағдайлар бойынша қаіуп төнетін болса, оларды ата – аналарынан алып қоюға болады. Мысалы, ата – аналардың біреуі психикалық аурумен ауыратын немесе басқа да созылмалы аурумен ауыру нәтижесінде баланы тәрбиелей алмайтын болса. Ата – аналардың құқыққа қарсы іс - әрекеттері немесе ата – аналардың кінәлі іс - әрекеттері олардың құқықтарын шектеуге, сонымен қатар ата – аналық құқықтарынан айыруға негіз болып табылады. Бірақ бұл негіздер жеткіліксіз болып табылуы мүмкін.

Ата – ана құқықтарын шектеу туралы талапты, баланың жақын туыстары, прокурор және кәмелетке томағандардың құқықтарын қорғау бойынша міндеттер жүктелген органдар қоя алады. Ата – ана құқықтарын шектеу прокурордың және қорғаншы және қамқоршы органның қатысуына сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Баланы ата – ана құқығынан айырмай алып қоюдың құқықтық салдары ата – ана құқығынан айыру салдарынан мүлдем басқаша. Басты айырмашылығы – бірінші жағдай бойынша тек қана ата-ана құқықтары мен міндеттері шектеледі.

Сот тәртібімен ата – аналар құқықтарын шектеуді тоқтатуға болады. Бұл туралы талапты құқығы шектелген ата – ана қоя алады. Сот ата – ана құқықтарын шектеуге негіз болған жағдайлар жойылған кезде баланы ата –

анасына қайтару туралы шешім шығарады. Сот баланың мүдделерін ескере отырып талапты қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін.

Ата – ана құқықтарын шектеудің күші жойылған жағдайда олардың барлық құқықтары қалпына келтіріледі.

Ата – ана құқықтарын айыру немесе шектеу созылмалы уақытты талап ететін процедура, сондықтан баланың мүддесін жылдам қорғау мүмкін емес.

Сондықтан «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 82 бабының нормалары баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірген қорғаншы ата – ана мен басқа да тұлғалардан дереу алып қоюға мүмкіндік береді. Бұндай алып қою жергілікті атқару органының сәйкес актісінің негізінде қамқоршы және қорғаншы органдармен жүзеге асырылады. Баланы алып қойғаннан кейін қамқоршы және қорғаншы орган шұғыл түрде прокурорға мәлімдеуі тиіс. Бала туыстарына беріледі немесе балалар мекемесіне уақытша орналастырылады. Баланы алып қою актісін шығарғаннан кейінгі жеті күннің ішінде қамқоршы және қорғаншы орган, мән – жайларды ескере отырып, сотқа баланың ата – анасын ата – аналық құқықтарын шектеуге немесе айыруға байланысты талап қоя алады.

### **4.3 Алименттік міндеттемелер**

Алимент дегеніміз – «"Неке және отбасы кодексіне» сәйкес, бір адамның басқа оны алуға құқығы бар адамға беруі міндетті ақшалай төлем. Ол көбінесе балаларды асырау үшін беріледі. Алайда кей жағдайда өзін асырай алмайтын ерлі-зайыптының біреуіне немесе ата-анаға төленуі мүмкін.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасауға құқылы.

Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуына алмаса, кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға арналған қаражат (алимент) ата-аналардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

Ата-аналардың алимент төлеу туралы келісімі болмағанда, кәмелетке толмаған балалар асырап-бағуға алынбағанда және сотқа талап-арыз берілмегенде қорғаншы және қамқоршы орган кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-анасынан (олардың біреуінен) алимент өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынандай мөлшерде: бір балаға ата-анасы – табысының және (немесе) өзге де кірісінің – төрттен бірін; екі балаға – үштен бірін; үш және одан да көп балаға – тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тарапардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеу туралы келісімі болмаған жағдайда және ата-ананың табысына және (немесе) өзге

де кірісіне үлестік қаынаста алимент өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық тудырған немесе тараптардың бірінің мүдделерін айтарлықтай бұзатын жағдайларда, сот тұрақты ақша сомасында немесе сонымен бірге үлесте және тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін белгілеуге құқылы.

Мұндай жағдайларға үнемі алынбайтын, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірістері бар ата-аналарда не табысын және (немесе) өзге де кірістерін толығымен немесе ішінара заттай алатын ата-анадан алимент өндіріп алу жатады. Тұрақты ақша сомасының мөлшерін сот баланың бұрынғы қамтамасыз етілу деңгейін мүмкіндігінше барынша сақтауды негізге алып, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мән-жайларды ескере отырып белгілейді.

Егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, алимент мөлшерін аз қамтамасыз етілген ата-ананың біреуінен екіншісінің пайдасына ай сайын өндіріп алынатын және сот белгілейтін тұрақты ақша сомасы белгіленеді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға алимент балалардың қоғаншысына (қамқоршысына) немесе олардың патронат тәрбиешісіне төленеді.

Ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын асырап-бағуға міндетті. Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алимент төлеу мөлшерін сот алимент төленетін кезде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткішке еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып белгілейді.

Алимент төлеу туралы келісім болмағанда және ерекше мән-жайлар болғанда (кәмелетке толмаған балалардың немесе еңбекке жарамсыз кәмелетке толған көмекке мұқтаж балалардың ауыр науқастануы, мертігуі, оларға бөгде адамның бағып-күтуіне ақы төлеу қажеттігі және басқа да мән жайлар) сот осы мән-жайлар туғызған қосымша шығындарды көтеруге әрбір ата-ананы қатысуға тартуы мүмкін.

Ата-аналардың қосымша шығындарды көтеруге қатыстырылу тәртібі мен бұл шығындардың мөлшерін сот ата-аналар мен балалардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып ай сайын төленуге тиісті алимент төленетін кездегі айлық есептік көрсеткішке еселенген қатынасында белгілейді.

Әрбір баладан алимент мөлшерін сот ата-аналары мен балаларының материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып, алимент төлеу кезіндегі айлық есептік көрсеткішке еселенген қатынастарында белгілейді.

Алимент мөлшерін айқындау кезінде сот, балаларының бәріне, олардың біреуіне немесе олардың бірнешеуіне талап қойылғанына қарамастан, осы ата-ананың еңбекке жарамды, кәмелетке тоған балаларының бәрін ескеруге құқылы.

Егер сот ата-аналардың ата-ана міндеттерін орындаудан жалтарғанын анықтаса, балалардың өздерінің еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж ата-аналарын асырап-бағу жөніндегі міндеттерінен босатылуы мүмкін.

Балалары ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарына алимент төлеуден босатылады.

Ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасауға құқылы.

Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуына алмаса, кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға арналған қаражат (алимент) ата-аналардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

Ата-аналардың алимент төлеу туралы келісімі болмағанда, кәмелетке толмаған балалар асырап-бағуға алынбағанда және сотқа талап-арыз берілмегенде қорғаншы және қамқоршы орган кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-анасынан (олардың біреуінен) алимент өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынандай мөлшерде: бір балаға ата-анасы – табысының және (немесе) өзге де кірісінің – төрттен бірін; екі балаға – үштен бірін; үш және одан да көп балаға – тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тарапардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

### **Ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері**

Ерлі-зайыптылар бір-бірін материалдық жағынан қолдауға міндетті. Мұндай қолдаудан бас тартқан және ерлі-зайыптылардың арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда алимент төлеуге қажетті қаражаты бар жұбайдан:

1) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайының;

2) жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы әйелінің;

3) ортақ мүгедек баланы бағып отырған мұқтаж жұбайының бала он сегіз жасқа толғанға дейін;

4) ортақ мүгедек баланы 16 жасқа толғанға дейін бағып-күтіп отырған, сондай-ақ 16 жасқа толғаннан соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда мұқтаж жұбайының алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар.

Алимент төлеуге қажетті қаражаты бар бұрынғы жұбайынан алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге:

1) жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы бұрынғы әйелінің;



2) ортақ мүгедек баланы 16 жасқа толғанға дейін бағып-күтіп отырған, сондай-ақ 16 жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының

3) неке бұзылғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының құқығы бар.

Алименттің мөлшері мен оны неке бұзылғаннан кейін бұрынғы жұбайына берудің тәртібі бұрынғы ерлі-зайыптылардың арасындағы келісім бойынша белгіленуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың (бұрынғы ерлі-зайыптылардың) арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда жұбайдан (бұрынғы жұбайдан) сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшерін ерлі-зайыптылардың (бұрынғы ерлі-зайыптылардың) материалдық және отбасы жағдайын, тараптардың басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, алимент төлеу кезіндегі қолданылып жүрген есептік көрсеткішке еселенген қатынаста сот белгілейді.

Сот жұбайдың еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж екінші жұбайды асырап-бағу міндетінен босатуы немесе некеде тұрған кезеңде де, неке бұзылғаннан кейін де бұл міндетті белгілі бір мерзімге мына жағдайларда:

1) спирт ішімдіктеріне, есірткі заттарына, психотропты заттарға салынып кетуі салдарынан немесе қасақана қылмыс жасауы салдарынан көмекке мұқтаж жұбайы еңбекке жарамсыз болып қалған;

2) ерлі-зайыптылар некеде ұзақ тұрмаған;

3) алимент төлеуді талап ететін жұбайдың отбасында өзін лайықты ұстамаған жағдайларда шектеуі мүмкін.

Бұрынғы жұбайын асырап-бағу жөніндегі міндет мынадай жағдайларда:

1) көмек алуға құқығы бар жұбай жаңа некеге тұрғанда;

2) жоғарыда көрсетілген мән-жайлар жойылғанда сот шешімімен тоқтатылады.

### **Отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері**

Кәмелетке толмаған көмекке мұқтаж інілері мен сіңлілерінің (қарындастарының) өз ата-аналарының қаражат алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмелетке толған ағалары мен апаларынан сот тәртібімен алимент алуға құқығы бар. Еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж кәмелетке толған ағалары мен апаларына да, егер олар өздерінің еңбекке жарамды, кәмелетке толған балаларынан, жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) немесе ата-анасынан көмек ала алмаса, осындай құқық беріледі.

Өздерінің ата-аналарынан көмек алу мүмкін болмаған жағдайда, кәмелетке толмаған, көмекке мұқтаж немерелерінің өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар әжесі мен ата-анасынан сот тәртібімен алимент алуға құқығы бар. Өздерінің жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) немесе ата-анасынан көмек ала алмаса, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж кәмелетке толған немерелерге де осындай құқық беріледі.

Өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайынан (бұрынғы жұбайынан) қажетті қаражат ала алмаған жағдайда, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж аталар мен әжелер өздерінің алимент

төлеуге қажетті қаражаты бар кәмелетке толған немерелерінен сот тәртібімен алимент талап етуге құқылы.

Кәмелетке толмаған балаларға нақты тәрбие беруді, асырап-бағуды жүзеге асырушы, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж адамдар, егер олар өздерінің кәмелетке толған, еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) көмек ала алмаса, олар өздерінің кәмелетке толған, еңбекке жарамды тәрбиеленушілерінен көмек беруді сот тәртібімен талап етуге құқылы.

Егер тәрбиелеушілер тәрбиеленушілерді бес жылдан аз уақыт асырап-бағып, тәрбиелесе, сонда-ақ өздерінің тәрбиеленушілерін тиісті түрде асырап-бақпаған және тәрбиелемеген болса, сот тәрбиеленушілерді нақты тәрбиелеушілерін асырап-бағу жөніндегі міндеттен босатуға құқылы.

Өгей ұлдар мен өгей қыздарын тәрбиелеп, асырап-баққан, еңбеке жарамсыз, көмекке мұқтаж өгей әке өгей шешенің, егер өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) көмек ала алмаса, оған қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмелетке толған өгей ұлдарынан немесе өгей қыздарынан асырап-бағуды сот тәртібімен талап етуге құқылы.

Егер өгей әке мен өгей шеше өгей балалары мен өгей қыздарын бес жылдан аз уақыт тәрбиелеп, асырап-бақса, сондай-ақ олар өздерінің тәрбиелеу және асырау міндеттерін тиісті түрде атқармаса, сот өгей ұлдар мен өгей қыздарды өгей әкесі мен өгей шешесін асырап-бағу міндеттерінен босатуға құқылы.

### **Алиментті өндіріп алу және төлеу тәртібі**

Алимент төлеу (алименттің мөлшері, оны төлеудің шарттары мен тәртібі) туралы келісім алиментті төлеуге міндетті адам мен оны алушы адам арасында, ал алиментті төлеуге міндетті адам және (немесе) алимент алушы әрекетке қабілетсіз болған жағдайда осы адамдардың заңды өкілдері арасында жасалады. Алимент жасау туралы келісім жазбаша түрде жасалады және оны нотариат куәландыруға тиіс.

Алимент төлеу туралы нотариат куәландырған келісім атқару парағының күшіне ие болады. Алимент төлеу туралы келісім екі жақтың өзара келісімі бойынша кез келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу алимент төлеу туралы келісімнің өзі сияқты нысанда жасалуға тиіс. Алимент төлеу туралы келісімді орындауға біржақты бас тартуға немесе оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Тараптардың материалдық немесе отбасы жағдайлары елеулі өзгеріске ұшыраған жағдайда және алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу жөніндегі келісімге қол жетпеген кезде мүдделі тарап осы келісімді өзгерту туралы немесе бұзу туралы сотқа талап арыз беруге құқылы. Алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы мәселені шешкен кезде сот тараптардың назар аударарлық кез келген мүддесін ескеруге құқылы.

Алимент төлеу туралы келісім бойынша төленетін алименттің мөлшерін тараптар сол келісімде белгілейді.

Кәмелетке толмаған балаларға алимент төлеу жөніндегі келісім бойынша белгіленетін алименттің мөлшері олардың сот тәртібімен алимент өндіріп алған жағдайда алатын алиментінің мөлшерінен төмен болмауы керек.

Алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төлеудің әдістері мен тәртібі сол келісіммен белгіленеді. Алименттің алимент төлеуге міндетті адам табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлес есебімен; дүркін-дүркін төленіп тұратын тұрақты ақша сомасымен; бір жолғы төленетін тұрақты ақша сомасымен; мүлік беру жолымен, сондай-ақ келісімде қол жеткеніне қарай өзге де әдістермен төленуі мүмкін. Алимент төлеу туралы келісімде алимент төлеудің түрлі әдістерін ұштастыру көзделуі мүмкін.

Отбасы мүшелері алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда алимент өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы. Алимент алуға құқығы бар адам, алимент алу құқығы туындаған кезден бастап өткен мерзімге қарамастан, егер бұрын алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төленбеген болса, сотқа алимент өндіріп алу туралы арыз беруге құқылы.

Алимент сотқа өтініш жасалған кезден бастап беріледі.

Егер сотқа арыз беруден бұрын асырап-бағуға қаражат алу шаралары қолданылғанын, бірақ алиментті төлеуге міндетті адамның оны төлеуден жалтаруы салдарынан алимент алынбағанын сот анықтаса, сотқа өтініш жасалған кезден бастап үш жыл мерзім шегінде алимент өндіріп алынуы мүмкін.

Алимент төлеуге міндетті адамның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігі нотариат куәландырған алимент төлеу туралы келісімнің негізінде немесе атқару парағының негізінде алимент төлеуге міндетті адамның жалақысынан және өзге де кірісінен алимент алушы адам үшін ай сайын алимент ұстап қалуға және оны алимент төлеуге міндетті адамның есебінен алимент төлеуге міндетті адамға жалақының және өзге де кірістің төленген күнінен бастап үш күн мерзімінен кешіктірмей төлеуге немесе аударуға міндетті.

Алимент төлеуге міндетті адам сот орындаушысы белгілеген мерзімде соңғысына және алимент алушы адамға жұмыс орнының немесе тұратын жерінің өзгергені туралы, ал кәмелетке толмаған балаларға алимент төлеген жағдайда қосымша табысының немесе өзге де кірісінің болуы туралы хабарлауға тиіс.

Алимент төлеу туралы келісіммен немесе сот шешімімен белгіленген мөлшерде алимент, сондай-ақ алимент бойынша берешек алимент төлеуге міндетті адамның табысынан және өзге де кірісінен өндіріп алынады, табысы және өзге де кірісі жеткіліксіз болған жағдайда алимент сот алимент төлеуге міндетті адамның банктіндегі шотындағы немесе банктік емес қаржы мекемелеріндегі ақша қаражатынан ұсталады. Бұл қаражат жеткіліксіз болған жағдайда ол алимент төлеуге міндетті адамның заң бойынша өндіріп алуға болатын кез келген мүлкінен өндіріліп алынады.

Алимент төлеуге міндетті адамның шотындағы ақша қаражатынан және оның өзге де мүлкінен алимент өндіріп алу заңдарда белгілінген тәртіппен жүргізіледі.

Алимент төлеу жөніндегі келісім негізінде немесе атқару парағының негізінде өткен кезең үшін алимент өндіріп алу атқару парағы немесе нотариат куәландырған алимент төлеу туралы келісім табыс етілгеннен бұрынғы үш жыл мерзім шегінде жүргізіледі. Атқару парағы негізінде немесе нотариат куәландырған келісім негізінде алимент ұстау алиментті төлеуге міндетті адамның іздестірілуіне байланысты жүргізілмеген жағдайда белгіленген мерзімге қарамастан және асырап-бағуға алимент төлеу белгіленген адамның кәмелетке толғанына қарамастан, алимент бүкіл кезең үшін өндіріп алынады.

Берешек мөлшерін сот шешімінде немесе алимент төлеу туралы келісімде белгіленген алимент мөлшерін негізге ала отырып, сот орындаушысы анықтайды.

Алимент төлеуден жалтарып жүрген ата-ананы іздестіру кезеңінде төленген, балаға заңдарда белгіленген ай сайынғы жәрдемақы сомалары сол ата-аналардан төленген сомалардың он процентін бюджет кірісіне есептеу арқылы өндіріп алынады.

Алимент төлеу бойынша берешекті төлеуден босату немесе тараптардың келісімі бойынша алимент төлеген кезде осы берешек, кәмелетке толмаған балаларға алимент төлейтін жағдайларды қоспағанда, тараптардың өзара келісуі бойынша азайтылуы мүмкін.

Алимент төлеуге міндетті адамның талап-арызы бойынша сот, егер алимент оның сырқаттануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептер бойынша төленбегенін, оның материалдық және отбасы жағдайы алимент бойынша пайда болған берешекті өтеуге мүмкіндік бермейтінін анықтаса, она алимент бойынша берешекті төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы.

Алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төлеуге міндетті адамның кінәсінен берешек пайда болған жағдайда кінәлі адам сол келісімде көзделген тәртіппен жауапты болады.

Сот шешімі бойынша алимент төлеуге міндетті адамның кінәсінен берешек пайда болған жағдайда кінәлі адам алимент алушыға кешіктірген әр күні үшін төленбеген алимент сомасының оннан бір проценті мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Алимент алушы алимент төлеуге міндетті, алименттің уақтылы төленбегеніне кінәлі адамнан алименттік міндеттемелерді орындауды кешіктіруден келтірілген бүкіл залалының тұрақсыздық айыбымен жабылмаған бөлігін де өндіріп алуға құқылы.

Алиментті басқа қарсы талаптармен есептеуге болмайды.

Төленген алимент сомасын:

1) алимент алушының жалған мәліметтер хабарлауына байланысты немесе оның қолдан жасалған құжаттар беруіне байланысты алимент өндіріп алу туралы сот шешімінің күші жойылған;

2) алимент алушы тарапынан алдау, қорқыту немесе күш көрсетіп ықпал жасау салдарынан алиментті төлеу жөніндегі келісім жарамсыз деп танылған;

3) сот шешімінің, алимент төлеу туралы немесе атқару парағының қолдау жасау фактісі негізінде алимент төленгені сот үкімімен анықталған жағдайларды қоспағанда, кері талап етуге болмайды.

Сот шешімі бойынша тұрақты ақша сомасымен өндіріп алынатын алименттің индекстелуін алиментті ұстайтын орын бойынша ұйымның әкімшілігі заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің өсуіне бара-бар жүргізеді.

Алимент төлеуге міндетті адам шет мемлекетке тұрақты тұруға кеткен жағдайда ол заң бойынша қаражат беруге міндетті отбасы мүшелерімен алимент төлеу туралы келісім жасауға құқылы. Келісімге қол жетпеген жағдайда мүдделі адам алименттің мөлшерін тұрақты ақша сомасында белгілеу туралы немесе алиментті бір жолғы төлеу туралы не алимент есебіне белгілі бір мүлікті беру туралы немесе алиментті өзге бір жолмен төлеу туралы талап етіп сотқа жүгінуге құқылы.

Егер алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда алимент мөлшері сот тәртібімен белгіленгеннен кейін тараптардың бірінің материалдық немесе отбасылық жағдайы өзгерсе, сот кез келген тараптың талап етуі бойынша белгіленген алимент мөлшерін өзгертуге немесе алимент төлеуге міндетті адамды оны төлеуден босатуға құқылы. Алимент мөлшері өзгертілген немесе оны төлеуден босатылған жағдайда сот тараптардың назар аударарлық мүддесін ескеруге құқылы.

Егер кәмелетке толған әрекетке қабілетті адам алиментті төлеуге міндетті адамға қатысты қасақана қылмыс жасағаны немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетті адам отбасында лайықсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайы анықталса, сот оған алимент өндіріп беруден бас тартуға құқылы.

Алимент төлеу туралы келісіммен белгіленген алименттік міндеттемелер осы келісімнің күшінде болу мерзімі біткенде немесе осы келісімде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ тараптардың бірі қайтыс болғанда тоқтатылады.

Сот тәртібімен өндіріп алынатын алиментті төлеу:

1) бала кәмелетке толғаннан кейін немесе кәмелетке толмаған балалар кәмелетке толғанға дейін толық әрекетке қабілетін алған жағдайларда;

2) асырап-бағу үшін алимент өндіріп алынған бала асырап алынғанда;

3) сот алимент алушының еңбекке жарамдылығы қалпына келтірілген немесе көмекке мұқтаждығы тоқтатылған деп танығанда;

4) еңбекке жарамсыз бұрынғы жұбайының көмегін мұқтаж болып келген алимент алушы жаңа некеге тұрғанда;

5) алимент алушы адам немесе алимент төлеуге міндетті адам қайтыс болғанда тоқтатылады.

## 5-ТАҚЫРЫП. БАЛАНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН АНЫҚТАУ

### 5.1 Суррогат ана болу және репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану

#### Баланың шығу тегін анықтау

Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері балалардың заңмен белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді.

Баланың анасы жағынан тегін (анасы болуын) ананың медициналық мекемеде бала туғанын растайтын құжаттар негізінде, ал бала медициналық мекемеден тыс жерде туған жағдайда – медициналық құжаттардың, куәлардың көрсетулерінің немесе өзге де айғақтардың негізінде азаматтық хал актілерін жазу органы белгілейді.

Бір-бірімен некеде тұратын адамдардан туған баланың туу тегі ата-анасының неке туралы жазбасымен куәландырылады.

Бала неке бұзылған, оны жарамсыз деп таныған кезден бастап немесе бала анасының жұбайының қайтыс болған кезден бастап екі жүз сексен күн ішінде туған жағдайда, егер өзгеше дәлелденбесе, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылады. Баланың анасымен некеде тұрмайтын адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының азаматтық хал актілерін тіркеу органына бірлесіп арыз беру жолымен; анасы қайтыс болған, ол әрекетке қабілетсіз деп танылған, анасының тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда немесе ол ата-ана құқығынан айырылған жағдайда – қорғаншы және қамқоршы органның келісімімен бала әкесінің арыз бойынша, мұндай келісім болмаған жағдайда – сот шешімімен белгіленеді.

Әке болуды анықтау туралы бірлесіп арыз беру бала туғаннан кейін мүмкін емес немесе қиын деп ұйғаруға негіз беретін мән-жайлар болған кезде болашақ баланың бір-бірімен некеде тұрмайтын ата-анасы анасы жүкті болған кезде азаматтық хал актілерін тіркеу органына сондай арыз беруге құқылы. Баланың ата-анасы туралы жазба бала туғаннан кейін жасалады.

Адам құқығы – бала құқығын қорғаудан басталады. Бала атаулы қашанда ерекше қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж екенін ескерсек, бұл заң жүзінде реттеліп, бекітілуі тиіс. Ал, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заңға сәйкес тегіне, нәсіліне және ұлтына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге деген көзқарасына және тұрғылықты мекенжайына қарамастан барлық баланың құқығы тең. Әрбір баланың отбасында тұрып, тәрбиеленуге құқығы бар. Отбасылық тәрбие кәмілеттік жасқа толмаған баланы тәрбиелеудің ең тәуір түрі, сондықтан да оған басымырақ маңыз беріледі. Баланың өз ата-анасының отбасында және өзге де туысқандарымен тұруына, олармен қарым-қатынас жасауға қақысы бар. Неке бұзылған кезде бала көбінесе анасының жанында қалып, сонымен бірге тұрады, ал әкесімен, әдетте, демалыс күндері жолығып тұрады. Ата-аналарының ажырасуы бұдан кейін бөлек тұра бастаған әкесі мен баласының арасындағы қатынастарды тоқтатуға әсер етпеуі тиіс. Бірақ сот практикасында баланың әкесімен кездесіп тұруына анасының рұқсат

бермейтіндігінің, не әкесінің баласын және оны тәрбиелеуге міндетті екендігін ұмытып кететіндітінін: сансыз мысалдарын кездестіруге болады. Заң ажырасқан, ата-аналарға, екі жақта баланы тең тірде тәрбиелеуді міндеттейді. Егер олардың біреуі өз міндетін орындамаса, сот оны орындауға мәжбүрлеуге құқылы. Мысалы, сот баланың әкесімен кездесу уақытын және орнын белгілейді немесе анасының талабы бойынша әкенің бала тәрбиесімен айналысуын міндеттейді.

Баланың өз ата-анасының тәрбиесінде болуға, мүдделері мен жан-жақты дамуының қамтамасыз етілуіне, оның адамдық кәдір-қасиетінің құрметтелуіне қақысы бар. Бала өз мүддесіне қатысты кез келген отбасылық мәселелерді шешкенде өз ой-пікірін еркін білдіруге құқылы. Бала 10 жасқа толған соң, оның пікірімен де санасады. Мысалы, тегі мен атын өзгерткенде, бала асырап алғанда немесе оның қажеттігі болмағанда ескеріледі.



Халықаралық балалардың құқықтарын қорғау – тарихи тұрғыдан алғанда, салыстырмалы түрде жас құбылыс. Бала құқықтарының конституциясы деп аталатын Бала құқықтары туралы конвенция 1989 жылы қабылданғанын еске түсірсек те жеткілікті. Сонымен бірге заң әдебиетінде жиі еске алынатын, бала құқықтарын қорғау жөніндегі қозғалыстың басталуы туралы классикалық мысал – шешесі жиі ұрып-соққан және Жануарларға қатігездікпен қарауға қарсы күрес жөніндегі қоғамның жергілікті бөлімшесінің мүшелері қорғауға келген Балтимордағы сегіз жасар Мари Элен Уильсонның жағдайы жануарларды қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің балаларды қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдардан бұрын пайда болғанын айғақтайды.

Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі алғашқы ұйым әлемде 1919 жылы пайда болды, 1924 жылы – Ұлттар лигасының Женева бала құқықтары туралы декларациясы, 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары декларациясы қабылданды, 1979 жыл Халықаралық Бала жылы болып

жарияланды және тек он жыл өткеннен кейін ғана Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды.

Балалардың ең абзал мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы бала құқықтарын қорғау мақсатын көздейтін неғұрлым маңызды конвенцияларға қосылды: Бала құқықтары туралы конвенция 1994 жылы бекітілді, 1999 жылы Шетелдегі алименттерді өндіріп алу туралы конвенция бекітілді, 2000 жылы - Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас мөлшері туралы конвенция, 2001 жылы – балаларды сатуға, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттама және әскери қақтығыстарға балалардың қатысуына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттама, 2002 жылы - Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы МОТ Конвенциясы (Конвенция 182), 2004 жылғы қарашада Қазақстан Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікке пайдалануына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясына және оған Қорытынды хаттамаға қол қойды.

Егер анасының күйеуі емес еркектің әке екендігі анық болып шықса, анасы босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдердің ішінде өзін асырау жөніндегі шығындарға одан тиісті ақша қаражатын сот тәртібімен талап етуге құқылы. Ақша қаражатының мөлшерін тараптардың материалдық, отбасылық және назар аударуға тұрарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып, ақша қаражатын төлеу кезінде қолданылып жүрген есептік көрсеткіштің еселенген ара қатынасымен сот белгілейді.

Он сегіз жасқа (кәмелетке) толған адам жөнінде әке болуды белгілеуге оның келісімімен ғана, ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп танылған болса – оның қорғаншысының немесе қорғаншы және қамқоршы органның келісімімен ғана жол беріледі.

Бір-бірімен некеде тұрмайтын ата-аналардан бала туған жағдайда және ата-ананың бірлескен арызы немесе бала әкесінің арызы болмаған кезде баланың нақты адамнан туу тегі ата-аналарының біреуінің, бала қорғаншысының (қамқоршысының) арызы бойынша немесе баланы асырап отырған адамның арызы бойынша, сондай-ақ баланың кәмелетке толғаннан кейінгі өз арызы бойынша сот тәртібімен белгіленеді. Бұл жағдайда сот баланың нақты адамнан туу тегін анық растайтын айғақтарды ескереді.

Өзінің баланың әкесімін деп таныған, бірақ баланың анасымен некеде тұрмаған адам қайтыс болған жағдайда оның әке екенін тану фактісі азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген ережелер бойынша сот тәртібімен белгіленуі мүмкін.

Бір-бірімен некеде тұратын әке мен ана туу туралы жазбалар кітабына олардың кез-келгенінің арызы бойынша баланың ата-анасы болып жазылады. Егер ата-ана бір-бірімен некеде тұрмаса, баланың анасы туралы жазба – анасының арызы бойынша, ал баланың әкесі туралы жазба баланың әкесі мен анасының бірлескен арызы бойынша немесе бала әкесінің арызы бойынша жүргізіледі немесе әкесі соттың шешіміне сәйкес жазылады.



Бала некеде тұрмайтын анадан туған ретте, ата-ананың бірлескен арызы болмаған жағдайда немесе әке болуды анықтау туралы сот шешімі болмаған жағдайда туу туралы жазбалар кітабында бала әкесінің тегі анасының тегі бойынша, бала әкесінің аты-жөні – бала анасының көрсетуі бойынша жазылады.

Туу туралы жазбалар кітабына ата-ананы жазу баланың әкесі немесе анасы ретінде жазылған адамның, іс жүзінде баланың әкесі немес анасы болып табылатын адамның, бала кәмелетке толғаннан кейін оның өзінің, бала қорғаншысының (қамқоршысының) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған ата-ана қорғаншысының талап етуі бойынша тек сот тәртібімен ғана жүргізілуі мүмкін.

Баланың әкесі болып жазылған адамның әке болуына дау туғызу туралы талабы, егер жазу кезінде бұл адамға оның іс жүзінде баланың әкесі емес екендігі айқын болса, қанағаттандырылмайды.

Әке екені белгіленген жағдайда балардың ата-аналары мен олардың туыстарына қатысты бір-бірімен некеде тұратын адамдардан туған балалардағы сияқты құқықтары мен міндеттері болады.

Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам бала деп танылады. Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда олармен бірге тұруға құқығы бар.

Ата – аналардың құқықтық қатынастарының пайда болуы ҚР ««Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 46-бабы бойынша балалардың заңмен белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді.

Әкелікті анықтауды тіркеу АХАТ органдарында жүргізіледі. Бір – бірімен некеде тұратын ата-аналардың баласының шығу тегі ата – аналардың некесі туралы жазумен куәландырылады.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексте 47-бабының 4-тармағы бойынша баланың анасымен некеде тұрмайтын адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының АХАТ органына бірлесіп арыз беру жолымен жүргізіледі.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 487-бабы бойынша бір-бірімен некеде тұрмайтын ата-аналардан бала туған жағдайда және ата – ананың бірлескен арызы немесе бала әкесінің арызы болмаған кезде баланың нақты адамнан туу тегі ата-аналарының біреуінің, бала қорғаншысының (қамқоршысының) арызы бойынша немесе баланы асырап отырған адамның арызы бойынша, сондай – ақ баланың кәмелетке толғаннан кейінгі өз арызы бойынша сот тәртібімен белгіленеді.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 205-бабы бойынша әке болуды анықтауды тіркеу ата – ананың біреуі тұратын жер бойынша АХАТ органдарында, ал сот шешімі бойынша әкелікті анықтау барысында сол шешім шығарған жердегі АХАТ органдарында жүргізіледі.

Кәмелет жасқа толған адамдарға қатысты әкелікті анықтауды тіркеу туралы өтініш, оның келісімімен ғана рұқсат етіледі, ал егер ол әрекет

қабілетсіз болса, оның қорғаншысының немесе қамқоршысының келісімімен жол беріледі. Мұндай жағдайларда ата – аналардың өтініштеріне міндетті түрде кәмілетке толған адамның немесе оның қорғаншысының жазбаша келісімі қосылуы қажет.

Әкелікті анықтауды тіркеу туралы өтініш ҚР Әділет министрлігінің бекіткен нысанға сай болуы керек. Мұндай нысан болмаған жағдайда өтініште осы нысанда көрсетілген барлық мәліметтер болуы тиіс.

Өтініш түскен күні өтініштерді тіркейтін арнайы журналда тіркелуі қажет.

Әкелікті анықтауды тіркеу, баланың әкесінің некеде болуына байланысты емес. Сондықтан ерінің келісімі әкелікті анықтауды тіркеуге қажет емес.

АХАТ органдары, егер баланың туу туралы актісінде әкесі көрсетілген болатын болса, мұндай өтінішті қабылдай алмайды. Мұндай жағдайда әкелікті анықтауды тіркеу туралы өтініш түскен болса, АХАТ органдары баланың тууы туралы актілерді, яғни әкесі туралы мәліметтерді тексеруге міндетті.

Мұндай тексеріс мынадай жағдайларда міндетті түрде жүргізіледі:

1) егер әкелікті анықталушы баланың шешесі тіркелген некеде тұратын болса;

2) егер баланың анасы тіркелген некеде тұрмаса, ал баланың тууы туралы куәлігінде анасының фамилиясына сәйкес келмейтін әкесінің фамилиясы көрсетілген жағдайда.

Егер туу туралы басқа АХАТ органдарында тіркелсе, оның көшірмесі АХАТ органымен бір айдың ішінде сұратылуы тиіс. Мұндай жағдайда өтініш журналда түскен күні әдеттегі тәртіппен тіркеледі, ал әкелікті анықтау тууы туралы жазу актісінің көшірмесін алған уақыттан басталады. Сонымен қатар тууы туралы жазба актісінің көшірмесін сұратқандығы жөнінде өтініш берушілерді хабарландырады және оны белгілі бір алу уақытын есептей отырып, әкелікті анықтауды тіркеу күнін белгілейді.

Егер баланың тууы туралы жазба актілерінде баланың әкесі ретінде өтініш берушінің жұбайы немесе басқа адам көрсетілсе (ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 49- бап 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда), әкелікті анықтауды тіркеуден, баланың тууы туралы жазба актілерінен әкелік туралы мәліметтерді алып тастау бойынша соттың шешімінсіз, бас тартылады.

Сот шешімімен психикалық ауруы немесе ақыл – ес кемістігі бойынша әрекет қабілетсіз деп танылған адамның, сонымен қатар оның қорғаншысының өтініші бойынша әкелікті анықтауға жол берілмейді.

Тууды және әкелікті анықтауды бір мезгілде тіркеу кезінде міндетті түрде тууы туралы және әкелікті анықтау туралы жазба актісінде қалыптасады. Сонымен бірге тууы туралы жазба актісінде баланың фамилиясы анасының фамилиясы бойынша көрсетіледі, ал оның әкесінің аты және әкесі туралы мәліметтер ата – аналардың әкелікті анықтау туралы бірлескен өтініші бойынша жазылады. Егер де ата – аналар (әкесі) балаға әкесінің фамилиясын бергісі келетін болса, бұл әкелікті анықтау туралы актінің негізінде өзгертіледі.

## **Бала асырап алу**

Тууы неке және отбасы Кодексінде белгіленген тәртіппен тіркелген және толық тән саулығы, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуын қамтамасыз ету мүмкіндіктері ескеріле отырып, кәмелетке толмаған балаларға қатысты тек қана солардың мүддесінде асырап алуға жол беріледі. Бұл ретте баланың жас мөлшері, естиярлық дәрежесі және өзін асырап алуға келісімі ескеріледі.

Жалғыз ата-анасы немесе екеуі де:

- қайтыс болған;
- баладан бас тартқан;
- ата-ана құқықтарынан айрылған және олар қалпына келтірілмеген;
- баланы асырап алуға келісім берген;
- сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған;
- белгісіз болған жағдайда, балалар асырап алуға жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орталықтандырылған есебінде тұрған балалар Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына және азаматтығына қарамастан балалардың туыстарына асырап алуға берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орталықтандырылған есебінде тұрған, егер туыстары, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары баланы асырап алуы мүмкін болмаса ғана шетелдіктердің асырап алуына берілуі мүмкін.

Шетелдіктердің бала асырап алуы туралы істерді қараған кезде сот азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан баланың туыстарының не Қазақстан Республикасы азаматтарының осы баланы бірінші кезекте асырап алу құқығын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының іске асырғанын анықтауға міндетті.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды асырап алуға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары баланы жеке өзі таңдауға, онымен кемінде екі апта тікелей қатынасуға, баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға баланы асырап алуға тілек білдіргені туралы жазбаша өтініш беруге, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын тексеріп-қарау актісін, жиынтық табыс мөлшері, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы туралы, сотталмағандығы туралы анықтамалар ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім-балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған бір жасқа дейінгі балаларды асырап алуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алудың рәсімдері аяқталғанға дейін балаларды қорғаншылыққа немесе патронатқа алуға құқығы бар.

Бала асырап алуды бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың (адамның) өтініші бойынша сот жүргізеді. Бала асырап алу туралы істерді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді.

Сот балаларды асырап алу туралы істерді бала асырап алушылардың өздерінің, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің, сондай-ақ прокурордың міндетті түрде қатысуымен қарайды. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік болып табылатын баланы асырап алған кезде баланың заңды өкілінің және бала азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының келісімін, сондай-ақ бұл аталған мемлекеттің заңнамасына сәйкес қажет болса, асырап алуға баланың келісімін алуы қажет. Бала асырап алушы азаматы болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын баланы асырап алуды жүргізуі оның тұратын жері бойынша жергілікті атқарушы органнан немесе Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге кеткенге дейін оның ата-аналарынан асырап алуға алдын ала рұқсат алған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

Бала асырап алушы адамның отбасында баланың қалыпты дене бітімі, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуы, тәрбиеленуі және білім алуы үшін жағдайлар болған кезде бала асырап алуға рұқсат етіледі.

Бала асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасы кем дегенде он алты жас болуға және ол қырық бес жастан аспауға тиіс. Сот дәлелді деп таныған себептер бойынша жас айырмасы қысқартылуы мүмкін.

Егер ата-аналар:

- белгісіз болған немесе сот оларды қайтыс болған деп жариялаған, хабар-ошарсыз кеткен деп таныған;
- сот оларды әрекетке қабілетсіз деп таныған;
- сот оларды ата-ана құқықтарынан айырған;
- баламен бірге тұрмаған және сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша алты айдан астам уақыт бойы оны тәрбиелеу мен күтіп-бағудан жалтарған жағдайларда, олардың баланы асырап алуға келісімі талап етілмейді.

Некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) ананың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген, медициналық ұйымдағы баладан бас тарту туралы жазбаша өтініші болған кезде сот ата-аналардың баланы асырап алуға келісімін растайтын басқа да құжаттарды талап етуге құқылы емес.

Он жасқа толған баланы асырап алу үшін оның келісімі қажет. Баланың асырап алуға келісімін ата-аналарының не баланың басқа да заңды өкілдерінің, прокурордың қатысуымен сот анықтайды.

Бала асырап алудың құқықтық салдары:

Асырап алынған бала және оның ұрпағы - бала асырап алушылар мен олардың туыстарына қатысы бойынша, ал бала асырап алушылар мен олардың туыстары асырап алынған бала мен оның ұрпағына қатысы бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерінде шыққан тегі бойынша туыстарына теңестіріледі.

Асырап алынған бала жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарынан айрылады және өзінің туған ата-аналарына қатысты міндеттерден босатылады. Баланы бір адам асырап алған кезде, егер бала асырап алушы ер адам болса - анасының тілегі бойынша немесе, егер бала асырап алушы әйел болса - әкесінің тілегі бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттердің сақталуы мүмкін. Бала асырап алушы асырап алынған баланың меншігіндегі мүліктің сақталуы үшін жауаптылықта болады. Бала асырап алудан бас тартылған жағдайда, осы мүлікті қайтару жөніндегі міндет те бала асырап алушыға жүктеледі.

Асырап алынған баланың ата-аналардың біреуімен немесе қайтыс болған ата-анасының туыстарымен қарым-қатынастарының сақталуы туралы бала асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

Бала асырап алу құпиясы заңмен қорғалады. Ата-аналары, туыстары, баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асырған ұйымдардың және (немесе) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар, сондай-ақ бала асырап алу туралы өзгедей түрде хабардар болған басқа да адамдар бала асырап алу құпиясын сақтауға міндетті.

Бала асырап алуды жарамсыз деп тану:

1) бала асырап алу туралы сот шешімі жалған құжаттар негізінде қабылданған;

2) неке және отбасы Кодексінің 93-бабында аталған адамдардың келісімінсіз бала асырап алынған;

3) некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) адам басқа жұбайының жазбаша келісімінсіз бала асырап алған;

4) кодекстің 91-бабының 2-тармағында көзделген ережелер бұзылған жағдайларда жарамсыз деп танылады.

Бала асырап алуды жарамсыз деп тану сот тәртібімен жүргізіледі. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы істі асырап алушылардың, прокурордың және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің міндетті түрде қатысуымен сот қарайды.

Асырап алынған баланың ата-аналары, бала асырап алушының жұбайы, бала асырап алуға байланысты құқықтары бұзылған адамдар, прокурор, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы талап қоюға құқылы. Бала асырап алу туралы сот шешімі шыққан кезден бастап бала асырап алу жарамсыз деп танылады.

Бала асырап алу жарамсыз деп танылған жағдайда, егер бұл баланың мүдделері үшін қажет болса, асырап алынған баланың және бала асырап

алушылардың, бала асырап алушылардың туыстарының өзара құқықтары мен міндеттері тоқтатылады және бала мен оның ата-аналарының (оның туыстарының) өзара құқықтары мен міндеттері қалпына келтіріледі. Егер олар асырап алу кезінде өзгерсе, ата-аналардың талап етуі бойынша балаға бұрынғы аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тегі беріледі, сол сияқты бұрынғы туған күні, айы, жылы мен туған жері қалпына келтіріледі.

Егер бала асырап алушы:

- 1) өзіне жүктелген ата-аналар міндеттерін атқарудан жалтарған;
- 2) ата-ана құқықтарын теріс пайдаланған;
- 3) асырап алынған балаға қатігездік көрсеткен;
- 4) асырап алынған балаға күш қолданған немесе психикалық зорлық жасаған;
- 5) асырап алынған баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаған;
- 6) маскүнемдікпен, нашақорлықпен және (немесе) уытқұмарлықпен ауырады деп танылған;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген бала құқықтарын бұзған жағдайда бала асырап алудың күші жойылады. Сот баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, басқа негіздер бойынша да баланы асырап алудың күшін жоюға құқылы.

### **Суррогат ана болу және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану**

«Суррогат ана» ұғымы баланың тууын болжайды, оны басқа әйел өзінің құрсағында алады. Яғни, баланың туғанға дейін дамуы генетикалық ана денесінен тыс жүреді. Мұндай әдіс әр түрлі себептерге байланысты баланы өз бетімен бала көтере алмайтын әйелдер үшін құтқару болып табылады.

Суррогат ана болу - қолданғанда бала туу мен ұрықтандыруда үш адам қатысатын қосалқы репродуктивті технология:

Суррогат ана – балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісім беріп, шартқа отырған әйел.

- 1) генетикалық әкесі - ұрықтандыру үшін өз ұрығын берген және бала туғаннан кейін әкесінің міндеттерін өзіне алуға келіскен адам;
- 2) генетикалық ана - ұрықтандыру үшін өзінің аналық жасушасын берген және бала туғаннан кейін ана міндетін алуға келіскен адам;
- 3) суррогат ана - баланы генетикалық ата-аналардан ақылы немесе өтеусіз негізде шығаруға және тууға келіскен және осы баланың анасы рөліне үміткер емес бала туатын жастағы әйел. Бала туғаннан кейін генетикалық ата-аналар заңды ата-ана ретінде ресімделеді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 146 бабына сәйкес Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар (бұдан әрі – ҚРТ) – бедеулікті емдеу әдістері (жасанды инсеминациялау, жасанды ұрықтандыру және эмбриондарды импланттау), оларды қолдану кезінде ұрықтанудың

және эмбриондардың ерте дамуының жекелеген немесе барлық кезеңдері ана организмнен тыс (оның ішінде донорлық және (немесе) криоконсервацияланған жыныстық жасушаларды, репродуктивтік ағзалардың тіндерін және эмбриондарды, сондай-ақ суррогат ана болуды пайдалана отырып) жүзеге асырылады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 1 тарауында суррогат ана, суррогат ана болу және суррогат ана болу шарты туралы анықтама берілген:

- суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел;
- суррогат ана болу – сыйақы төлене отырып, суррогат ана мен ерлі-зайыптылар арасындағы шарт бойынша, күні жетпей босану жағдайларын қоса алғанда, бала (балаларды) көтеру және туу;
- суррогат ана болу шарты - некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және балалы болғысы келетін адамдар мен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану жолымен бала көтеруге және тууға өз келісімін берген әйел арасындағы нотариатта куәландырылған жазбаша келісім.

Кодекстің 54-бабында суррогат ана болу шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптары сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландыруға жатады.

Суррогат ана туралы келісім шарт жасасу ҚРТ қолдану нәтижесінде туылған бала үшін ерлі-зайыптылардың алдындағы ата-ана құқықтарын мен міндеттерін көздейді.



Суррогат ана болу шартымен бір мезгілде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) тиісті қызметтер көрсететін, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйыммен шарт жасасады.

Кодекстің 56-бабында суррогат анаға қойылатын талаптар көрсетілген, оның ішінде:

1) 56 бабының 1 тармағына былай жазылған: суррогат ана болуға тілек білдірген әйел жиырмадан отыз беске дейінгі жаста, медициналық ұйымның қорытындысымен расталған, қанағаттанарлық тән денсаулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы, сондай-ақ өзінің дені сау баласы болуға тиіс.

2) 56 бабының 1 тармағына былай жазылған: егер суррогат ана тіркелген некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) жағдайда, суррогат ана болу шартын жасасу кезінде жұбайының нотариат тәртібімен куәландырылуға тиіс жазбаша келісімі ұсынылуы қажет.

3) 56 бабының 1 тармағына былай жазылған: қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйым балалы болуға тілек білдірген адамдардың өздерінің не донор банктің биоматериалдарының сол үшін пайдаланылғаны туралы толық әрі жеткілікті ақпаратпен оларды қолдану туралы қорытынды шығаруға міндетті. Қорытындының бір данасы нотариатта куәландырылған суррогат ана болу шартына қоса беріледі және мәміленің жасалған жері бойынша сақталады. Кодекстің 57-бабында Суррогат ана болу шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері қарастырылған:

1. Суррогат ана болу шартын жасасу кезінде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер):

1) суррогат ананың медициналық зерттеп-қараудан өтуімен байланысты материалдық шығыстарды көтеруге;

2) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылуына байланысты материалдық шығыстарды көтеруге;

3) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйымға тән саулығы, психикалық денсаулығы туралы медициналық қорытындыны, сондай-ақ медициналық-генетикалық зерттеп-қараудың нәтижелерін ұсынуға;

4) суррогат ананың жүктілігі, босануы кезеңінде және босанғаннан кейін елу алты күн ішінде медициналық қызмет көрсету бойынша шығыстарды төлеуге, ал жүктілікпен және босанумен байланысты асқыну болған жағдайда, жетпіс күн ішінде шығыстарды төлеуге міндетті.

2. Суррогат ана болу шартын жасасу кезінде суррогат ана 56-баптың талаптарына сәйкес:

1) тапсырыс берушілерге өзінің тән саулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы туралы медициналық қорытындыны ұсынуға;

2) дәрігердің үнемі бақылауында болуға және оның ұсынымдары мен тағайындаған емдерін қатаң сақтауға;

3) өзімен шарт жасасқан адамдарды суррогат ана болу шартында ескерілген кезеңділігімен жүктіліктің барысы туралы хабардар етуге;



4) туған баланы өзімен суррогат ана болу шартын жасасқан адамдарға беруге міндетті.

3. Суррогат ана баланы өзге адамдарға беруге құқылы емес.

4. Суррогат ананың тұрақты жұмысы болған кезде еңбек қызметін жалғастыру мәселесі суррогат ана болу шарты тараптарының өзара келісімі бойынша шешіледі.

5. Суррогат ана репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін суррогат ана болу шартында көзделген жүктілік үшін жауаптылықта болады және табиғи жүкті болу мүмкіндігін болғызбауға міндетті.

6. Көп құрсақ көтеріп жүкті болу туралы мәселе суррогат ана болу шарты тараптарының өзара келісімі бойынша шешіледі».

7. Суррогат ана репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін суррогат ана болу шартында көзделген жүктілік үшін жауаптылықта болады және табиғи жүкті болу мүмкіндігін болғызбауға міндетті.

8. Көп құрсақ көтеріп жүкті болу туралы мәселе суррогат ана болу шарты тараптарының өзара келісімі бойынша шешіледі».

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 146 бабына сәйкес Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар (бұдан әрі – ҚРТ) – бедеулікті емдеу әдістері (жасанды инсеминациялау, жасанды ұрықтандыру және эмбриондарды импланттау), оларды қолдану кезінде ұрықтанудың және эмбриондардың ерте дамуының жекелеген немесе барлық кезеңдері ана организмнен тыс (оның ішінде донорлық және (немесе) криоконсервацияланған жыныстық жасушаларды, репродуктивтік ағзалардың тіндерін және эмбриондарды, сондай-ақ суррогат ана болуды пайдалана отырып) жүзеге асырылады.



Денсаулықтың ең маңызды құрамдас бөлігінің бірі- репродуктивтік денсаулық (reproductcio - қайта өндіру, көбею). Қазақстан Республикасының

Конституциясында: "Неке және отбасы, ата-ана және бала мемлекет қорғауында", -деп көрсетілген.

ДДСҰ анықтамасы бойынша репродуктивтік денсаулық-бұл тек ауру жағдайының жоқтығы емес немесе жыныс жүйесінің, оның қызметі мен процестерінің бұзылуында ғана емес, толық дені сау, яғни денесі шыныққан, ойлау қабілеті дамыған, әлеуметтік дұрыс жағдайда өзіне ұқсас ұрпақ жалғастыра алу процесі.

Репродуктивтік денсаулық тіршілік жағдайына, тамақтануға, экологияға, генетикалық тұқым қуалаушылыққа, сонымен қатар репродуктивтік денсаулық жұмысы мен оны қорғау қызметіне де байланысты болады.

Репродуктивтік денсаулықты қорғау қызметіне мыналар жатады: әйелдерге кеңес беру орталықтары, босану орындары, отбасын жоспарлау орталықтары, ауылдық жерлердегі емханалар, фельдшерлік пункттер және т.б.

Репродуктивтік денсаулық орталық қызметтеріне ғылыми-әдістемелік көмекті ана мен бала денсаулығын қорғаудың Республикалық Орталығы, медициналық университеттердің акушерлік және гинекологиялық кафедралары көрсетеді.

Репродуктивтік денсаулық қызметтері:

- босанудың қалыпты өтуі мен босанудан кейінгі емізу кезеңінің дұрыс өтуін қамтамасыз ету;
- жыныс мүшелері ауруларының алдын алу мен емдеу;
- 1994 жылдағы Халық саны бойынша өткен Халықаралық Каир конференциясында адамның мынадай құқықтары белгіленген:
- жыныстардың тең құқығылығы;
- неке мен жанұя құру мүмкіндігінің болуы;
- жеке және жанұялық өмір сүруге құқығының болуы;
- жанұядағы бала санының қанша болу қажеттілігінің өзі шешу мүмкіндігі;
- білім алу және медициналық ақпаратты білу құқығы.
- репродуктивтік денсаулық орталықтарының мақсаты отбасын құруды жоспарлау мен жүктілік кезіндегі қауіп-қатерді болдырмау;
- жасөспірімдік жүктілікті болдырмау;
- 35 жастан кейінгі жүктілікті болдырмау;
- күтпеген жүктілік (қауіпті жасанды тусіктер). Бұлардың барлығы ана өлімі мен мүгедек қысқартады, бала өлімін азайтады.

### **Репродуктивтік денсаулыққа әсер ететін факторлар**

Репродуктивтік денсаулыққа әсер ететін факторлар болып зиянды әдеттер (шылым, ішімдік, есірткі заттары), жыныстық қатынасқа ерте жастан бару, жыныстық жолмен таралатын аурулар және кіші жамбас аймағындағы жұқпалы аурулар репродуктивтік денсаулыққа зиянды әсер етеді.

Темекі шегу әйелдер мен ерлердің репродуктивтік жүйесіне өте зиянды әсер етеді. Никотиннің жыныс мүшелерінің қызметін, жыныс жасушаларының бұзатындығы дәлелденген.

Егер жүкті әйел темекі шексе, у плацента арқылы оны улайды. Ұрықтың бауыры әлі қалыптасып болмағандықтан түскен уларды залалсыздандыра алмайды. Сөйтіп, ол ағзада жинала береді. Темекі шегу қандағы

гемоглобиннің мөлшерін төмендетеді, сондықтан ұрық оттегі жетіспеушілігіне шалдығады. Мұндай жағдайда алдымен ұрықтың жүйке жүйесі зақымданады., соның салдарынан нәрестенің дамуы жетіледі.

Ішімдік жыныстық жетілуге зиянды әсер ететіні анықталады. Ішімдікті көп ішу ер адамдарда тіпті жас кезінің өзінде жыныстық жүйе қызметін төмендетеді, кейде жоғалады. Ерлер бедеулігі себептерінің негізгісі- ішімдікті көп пайдалану. Ер адамдардың жыныстық жасушалары ішімдіктің әсеріне өте сезімтал, ішімдік әсерінен сперматозоидтардың көп мөлшерінің өлуі, ұрықтану мүмкіндігін төмендетеді. Әйел адамдардың ағзасына ішімдіктің зиянды әсері одан да үлкен. Оларда аналық бездер мен жыныс бездерінің қызметі бұзылады.

Адамзат тұқым қуалаушылық туралы ғылым - генетиканың пайда болуынан көп пайдаланатын адамдар ұрпақтарының мүгедек болып туылатынына назар аударған. Міне, сондықтан да түрлі елдердің ежелгі заңдарды мен салттары неке құру кезінде ішімдік ішуге тыйым салған. Кемтар балалардың туылуы, түсіктер мнә өлі туылатын нәрестелердің көп жағдайда халықтың мерекелер кезінде болғандығы анықталған.

Мас кезінде ұрықтанудың ауыр себептері ішімдікті ата-ананың тек біреуінің пайдалануы кезінде де болады. Ішімдік жатыр арқылы ұрыққа оңай енеді де, қантамырларына түседі және дамып келе жатқан ұрықты уландырады, ол түсікке немесе мерзімнен бұрын туылуға әкеп соқтырады, нәресте салмағының төмен болуына, баланың одан кейінгі дамуының тежелуіне алып келеді. Жастар ерте жыныстық қатынас салдары үшін жауапкершіліктің екеуіне де қатысты екенін ұмытпаған дұрыс.

Жыныстық қатынасты ерте бастау жасөспірімдер үшін аса қауіпті.

Ерте жыныстық қатынасқа байланысты туындайтын қауіптер:

- жасөспірімдік жүктілік;
- денсаулықтың бұзылуы;
- жыныс мүшелерінің аурулары;
- бала денсаулығына қауіп төнуі;
- жыныстық жолмен жұғатын аурулар (ЖЖҚТ), соның ішінде АИВ/ЖИТБ.

Жастарда қорға антиденелердің салыстырмалы түрде тапшы болуынан, яғни қорғаныштық механизмнің толық түзелмегендігінен, олар жыныстық жолмен жұғатын инфекцияға өте сезімтал болып келеді.

Ұлттық заңдарда, Халықаралық құқытық құжаттарда және басқа да келісімдерде репродуктивтік құқық адам құқығының бір бөлігі болып табылады. Бұл құқықтар барлық жұбайлар мен жеке адамдарға еркін және жауапты түрде бала санын анықтауға негізделген. (ББҰ, Ұлттар сан бойынша Халықаралық конференция 1994ж.)

Отбасын Жоспарлау Халықаралық Федерациясының (ОЖХФ) бағдарламасында репродуктивтік құқық туралы жастардың Хартиясы бекітілген.

- Өмір сүру құқығы.
- Жеке еркіндік пен қауіпсіздікке құқық.
- Дискриминациясының барлық формаларына қарсы теңдік пен еркіндік құқығы.

- Жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы және конфиденциалдық (жеке құпиялық).
- Көзқарас еркіндік құқығы.
- Ақпарат және білім алу құқығы.
- Некеге отыру немесе отырмау, отбасын құру және жоспарлау құқығы.
- Бала туу мәселесін шешу және баланың туылуын жоспарлау құқығы.
- Медициналық қызмет пен денсаулық сақтау құқығы.
- Ғылыми прогресс жетістіктерін пайдалану құқығы.
- Саяси жиналыстарға қатысу еркіндігі құқығы.
- Ауыр және қорлайтын қатынастан қорғану құқығы

## **6-ТАҚЫРЫП. ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ПЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ. ПАТРОНАТ**

### ***6.1 Қорғаншылық немесе қамқоршылық ұғымы***

Қорғаншылық және қамқоршылық саласындағы құқық нормалармен реттелетін мәселелер. Қамқоршы ретінде танылған тұлғаларға қойылатын талаптар. Патронатты тәрбиешілер.

«Қорғаншылық» және «Қамқоршылық» терминдерін заң шығарушы өртүрлі мағыналарда қолданады:

1. азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғау нысаны (құқықтық көмек түрі);
2. тұлғалардың құқықтық қатынастарының, құқықтық қатынастарының жүйесі;
3. Заңнама институты.

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында балаларды қорғау мәселесі өте өткір болып тұр. Бұл келесі көрсеткіштерден көрінеді: елдегі кедей отбасылар санының артуы; кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар санының үнемі өсуі; ата-анасыз қалған балалар санының өсуі; үйден қашып кететін кәмелетке толмағандар санының өсуі және т. б.

Осындай қиын жағдайда мемлекет қамқоршылық және қорғаншылық органдары тұлғасында үлкен рөл атқарады. Мемлекет қызметінің осы саласының жұмысы балалардың құқықтарын қорғауға, оларды жан-жақты дамуы үшін қалыпты жағдай жасау тәртібін айқындайтын қолайсыз факторлардан қорғауға бағытталған заңдар мен нормативтік актілер негізінде құрылады.

1. 04.01.2001 ж. № 221 қарулы қақтығыстарға балалардың қатысуына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын ратификациялау туралы балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және оларды жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы Конвенцияны (182-Конвенция) 26.12.2002 ж. № 367 ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» № 518 - IV 26.12. 2011 ж. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» № 319 - III Заңы 27.07. 2007 ж.

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының № 398 - V Заңына енгізу, енгізу және толықтыру туралы 13.11.2015 ж. «кәмелетке толмағандар

арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы N591 - II 09.07. 2004 ж. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы № 547 - IV 18.01.2012 ж.

3. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 21.05.1997 ж. № 94 Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы N94 - I 24.11.2015 ж. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы № 408 - V 17.11.2015 ж. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы № 126 - I 16.06.1997 ж.

4. Қазақстан Республикасының № 107 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңы. 2000 ж. «жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы № 221, 12.01. 2007 ж. «патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.03.2012 ж. № 381 Қаулысы «мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.03.2012 ж. № 382 Қаулысы.

«Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидаларын және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.03.2012 ж. № 383 қаулысы «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.05.2012 ж. № 384 қаулысы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.03.2012 ж. № 389 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Адам бала асырап ала алмайтын, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдай алмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы» 30.03.2012 ж. № 404 қаулысы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.06.02 ж. № 646; 04.03.04 ж. № 272 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен).

ҚР Үкіметінің 25.01.2008 ж. № 64 «әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен аз қамтылған отбасылар қатарындағы білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау Ережесін бекіту туралы» Қаулысы ҚР Үкіметінің 22.02.2012 ж. № 255

«әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен аз қамтылған отбасылар қатарындағы білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау Ережесін бекіту туралы «ҚР Үкіметінің 25.01.2008 ж. № 64 Қаулысына»

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 28.04.2000 ж. № 4 «балалардың тәрбиесіне байланысты дауларды шешу кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.04.2000 ж. № 428 «ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы.

Қорғаншылық-он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны. Қамқоршылық-он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны.

### **6.2 Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және оларды орналастыру**

Ата-анасының қайтыс болуы, олардың ата-ана құқықтарынан айырылуы, олардың ата-ана құқықтарының шектелуі, ата-анасының әрекетке қабілетсіз деп танылуы, ата-анасының сырқаттылығы, ата-аналарының ұзақ уақыт болмауы, ата-аналардың балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруы, соның ішінде ата-аналардың тәрбиелеу, емдеу және басқа да осыған ұқсас мекемелерден өз балаларын алудан бас тартуы, сондай-ақ ата-аналардың қамқорлығы болмаған өзге де жағдайларда, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қорғаншы және қамқоршы органдарға жүктеледі.

Қорғаншы және қамқоршы органдар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтайды, осындай балалардың есебін алуды жүргізеді және ата-анасының қамқорлығынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, балаларды орналастырудың нысандарын таңдайды, сондай-ақ оларды асырау, тәрбиелеу және білімі беру жағдайларына одан әрі бақылау жасауды жүзеге асырады.

Қорғаншы және қамқоршы органдардан басқа, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың қызметіне жол берілмейді.

Қорғаншылық және қамқоршылық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оларды асырау, тәрбиелеу және білім беру мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін белгіленеді.

Қорғаншылық және қамқоршылық әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін де белгіленеді.

Қорғаншылық он төрт жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ психикалық аурудың салдарынан немесе ақыл-есінің кемдігінен сот әрекетке

қабілетсіз деп таныған адамдарға белгіленеді. Қорғаншылық қайтыс болған немесе соттың шешімімен өлді немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған кәмелетке толмаған адамның, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне тағайындалады.

Егер қорғаншылық және қамқоршылық белгіленген адамның басқа жерде мүлкі болса, онда осы мүлікті басқару үшін қорғаншы және қамқоршы органдар мүліктің тұрған жерінде қорғаншы тағайындай алады.

Қамқоршылық он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ спиртті ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салынуы салдарынан сот әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдарға белгіленеді.

Денсаулығының жай-күйіне байланысты өзінің құқықтарын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын және міндеттерді орындай алмайтын кәмелетке толған әрекетке қабілетті адамдардың арызы бойынша оларға қамқоршылық белгіленуі мүмкін.

Қорғаншы және қамқоршы органдар баланы және оны тәрбиелеуге үміткер адамның (адамдардың) тұрмыс жағдайларына зерттеу актісін сотқа табыс етуге міндетті.

Мыналарды:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот бойынша ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтарын сот шектеген адамдарды;

3) өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылық (қамқоршылық) міндеттерден шеттетілген адамдарды;

4) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойған болса, бұрын бала асырап алушыларды;

5) денсаулығының жай-күйіне байланысты баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда екі жыныстың да кәмелетке толған адамдары қорғаншылар (қамқоршылар) бола алады.

Қорғаншы немесе қамқоршы тек оның келісімімен ғана тағайындалуы мүмкін.

Егер бұл қорғаншылыққа алынушының мүдделеріне қайшы келмесе, қорғаншыны немесе қамқоршыны тағайындауда жұбайының, ата-анасының, туыстарының немесе қорғанышылыққа алынушыға жақын басқа да адамдардың басым құқығы болады. Егер қамқорлыққа алынушылардың мүдделерінің арасында қайшылық болмаса, бір қорғаншы немесе қамқоршыны бірнеше адамға тағайындауға жол беріледі.

Балаға қорғаншы (қамқоршы) тағайындау кезінде қорғаншының (қамқоршының) адамгершілік және өзге де жеке қасиеттері, оның қорғаншылық (қамқоршылық) міндеттерді орындау қабілеті, қорғаншы (қамқоршы) мен баланың арасындағы қатынастар, қорғаншы (қамқоршы) отбасы мүшелерінің балаға деген көзқарасы, сондай-ақ, егер бұл мүмкін болса, баланың өз тілегі ескеріледі.

Егер кәмелетке толмаған балаға қорғаншы немесе қамқоршы етіп тағайындалатын адам некеде тұрса, оның жұбайының келісімі талап етіледі.

Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты қажет ететін және тиісті тәрбие, емдеу мекемелерінде, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан адамдардың қорғаншылары мен қамқоршылары осы мекемелердің әкімшілігі болып табылады.

Қорғаншының (қамқоршының) осындай мекемелерге баланы уақытша орналастыруы қорғаншының (қамқоршының) осы балаға қатысты қорғаншылық (қамқоршылық) құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.

Қорғаншылар мен қамқоршылар өз қамқорындағылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды кез келген адамдарға қатысты, соның ішінде сотта арнайы өкілеттісіз қорғай алады.

Қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған адамдардың құқықтары:

- 1) өздерінің қадір-қасиеттерінің құрметтелуіне;
- 2) қорғаншы (қамқоршы) тарапынан қамқорлық көруге;
- 3) онымен бірге тұруға;
- 4) өздерінің тиісті алименттерін, зейнетақыларын, жәрдемақыларын және басқа да әлеуметтік төлемдерін алуға;
- 5) тұрғын меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауға;
- 6) қорғаншы (қамқоршы) тарапынан қиянат етушіліктен қорғану.

Қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар келтірілген құқықтардан басқа:

- 1) қорғаншының (қамқоршының) отбасында тәрбиеленуі;
- 2) оларды асырап-бағу, тәрбиелеу, білім беру және, жан-жақты дамыту үшін жағдайлардың қамтамасыз етілуі;
- 3) тұрғын үй-жайы болмаған жағдайда тұрғын үй заңдарына сәйкес оны алу құқықтарына да ие болады.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тәрбие, емдеу және басқа да мекемелеріндегі балалардың:

- 1) асырап-бағылуға, тәрбиеленуге, білім алуға, жан-жақты дамуға, өздерінің адамгершілік қадір-қасиеттерінің, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне;
- 2) өздеріне тиесілі алименттерді, зейнетақыларды, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді алуға;
- 3) тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтауға, ал тұрғын үй-жайы болмаған жағдайда тұрғын үй заңдарына сәйкес тұрғын үй-жай алу құқығына ие болуға;

4) аталған мекемелерде тұруы аяқталған соң еңбек туралы заңдарда көзделген жұмысқа орналасу кезіндегі жеңілдіктерге ие болуға құқығы бар.

Қорғаншы және қамқоршы органдар аталған мекемелерде тұрып жатқан балаларды асырау, тәрбиелеу, оларға білім беру жағдайларын бақылауды жүзеге асырады.

Қорғаншылар заң жүзінде қамқоршылыққа алынғандардың өкілдері болып табылады және барлық қажетті мәмілелерді олардың мүдделерін көздеп жасайды.

Қамқоршылар өздерінің қамқоршылығындағы адамдардың өз бетінше жасауға құқығы жоқ мәмілелерді жасауға келісімі береді,



қамқоршылығындағылардың өз құқықтарын жүзеге асыруына және міндеттерін атқаруына жәрдем көрсетеді, сондай-ақ оларды үшінші бір тұлғалардың тарапынан ықтимал қиянаттардан қорғайды.

Қорғаншы (қамқоршы) қамқоршылығына алынғандарды өз есебінен асырап-бағуға міндетті емес. Қамқоршылыққа алынушыны асырап-бағу қамқоршылыққа алынушының алатын жалақысы, алименті, зейнетақысы және басқа да әлеуметтік төлемдері есебінен, сондай-ақ оған тиесілі мүліктер есебінен жүзеге асырылады.

Қамқоршылыққа алынушыны асырап-бағуға жеткілікті қаражат болмаған кезде, қорғаншы және қамқоршы органдар оны асырап-бағуға жәрдемақы тағайындайды.

Баланың қорғаншысы (қамқоршысы) қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы) баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасауға құқылы және міндетті.

Қорғаншы (қамқоршы) баланың пікірі мен қорғаншы және қамқоршы органның ұсыныстарын ескере отырып қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы) баланы тәрбиелеудің әдістерін дербес белгілеуге құқылы.

Қорғаншы (қамқоршы) баланың пікірін ескере отырып, ол орта білім алғанға дейін балаға білім беру мекемесі мен оқытудың нысанын таңдауға құқылы және баланың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қорғаншы (қамқоршы) қамқоршылығындағы (қорғаншылығындағы) баланы өздерінде заңды негіздерсіз ұстап отырған кез кеген адамның, соның ішінде баланың жақын туыстарынан қайтарып беруді сот арқылы талап етуге құқылы.

Баланың өз ата-аналарымен және басқа да жақын туыстарымен қарым-қатынас жасауына, мұндай қарым-қатынас баланың мүдделеріне сай келмеген жағдайларды қоспағанда, бөгет болуға қорғаншының (қамқоршының) құқығы жоқ.

Қамқорлыққа алынушылар, балалар немесе емдеу мекемелерінде тәрбиеленуде немесе емделуде болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың қорғаншылары мен қамқоршылары өздері қамқорлыққа алынғандармен бірге тұруға міндетті. Қамқоршының он алты жасқа толған қамқоршылыққа алынушыдан бөлек тұруына, бұл қамқоршылыққа алынушының тәрбиесіне және оның құқықтары мен мүдделерін қорғауға қолайсыздық туғызбайтын жағдайда, қорғаншы және қамқоршы органның рұқсатымен жол беріледі.

Қорғаншылар мен қамқоршылар тұрлылықты жерінің өзгеруі туралы қорғаншы және қамқоршы органдарға хабарлап отыруға міндетті.

Қорғаншы кемінде жылына бір рет қорғаншы және қамқоршы органға қамқоршылыққа алынушының денсаулық жағдайы туралы және оны тәрбиелеу жөніндегі, сондай-ақ оның мүлкін басқару жөніндегі жұмыс туралы есеп беріп отыруға міндетті.

Қорғаншы және қамқоршы органның алдын ала берген рұқсатынсыз қорғаншының иеліктен алу жөніндегі мәмілелер жасауға келісім беруге,

соның ішінде қамқоршылыққа алынушының мүлкін айырбастауға немесе сыйға тартуға немесе оның атынан кепіл болу шартын жасасуға, оны жалға (жалдауға), тегін пайдалануға немесе кепілге беруге, қамқорлыққа алынушының заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерліктен тиесілі құқықтарынан бас тартқызуға әкеп соғатын мәмілелер жасауға, оның мүлкін бөлуге немесе одан үлес бөлуге, сондай-ақ қамқоршылыққа алынушының мүлкін азайтуға әкеп соғатын басқа да кез келген мәмілелер жасауға құқығы жоқ. Аталған мәмілелер нәтижесінде қорғаншы алған қаражаттың қалай жұмсалуға тиіс екенін қорғаншы және қамқоршы орган белгілейді.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 121-бабының 1-бөлігіне сәйкес қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамның тұрғылықты жері бойынша не қорғаншылыққа жататын мүліктің орналасқан жері бойынша белгілейді. Жекелеген жағдайларда қорғаншылық немесе қамқоршылық қорғаншының немесе қамқоршының тұрғылықты жері бойынша белгіленуі мүмкін.

Мыналарды:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды қоспағанда, кәмелетке толған адамдар ғана қорғаншылар немесе қамқоршылар бола алады;

3) өзіне Қазақстан Республикасының Заңымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетілген адамдарды;

4) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушыларды;

5) денсаулық жағдайына байланысты қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда, бала асырап алуға құқығы бар.

Қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж және тиісті білім беру ұйымдарындағы, медициналық ұйымдардағы, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы адамдардың қорғаншылары немесе қамқоршылары осы ұйымдардың әкімшіліктері болып табылады.

Қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы балалардың:

1) олардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;

2) қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан қамқорлыққа;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодегінде көзделген жағдайларды қоспағанда, онымен бірге тұруға;

4) оларға тиесілі алиментке, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығы бар;

5) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауға;

6) қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға;

7) Қорғаншының немесе қамқоршының отбасында тәрбиеленуге;

8) оларға күтіп-бағу, тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты даму үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;

9) тұрғын үй болмаған жағдайда Қазақстан республикасының Тұрғын үй заңнамасына сәйкес оны алуға құқығы бар.

Кәмелетке толмағандарға қамқоршылық (қорғаншылық) тағайындау үшін қажетті құжаттар:

1) Қамқоршының өтініші

2) Қорғаншы мен жұбайының жеке куәлігі (көшірмесі)

3) Өтініш берушінің өмірбаяны еркін нысанда ресімделеді.

4) Неке қию туралы куәлік (көшірмесі).

5) Егер өтініш беруші некеде тұрмаса, нотариалды куәландырылған анықтама.

6) Егер қамқоршы болғысы келетін адам некеде тұрса, жұбайының келісімі (нотариалды куәландырылған).

7) Қамқоршының денсаулық жағдайы туралы анықтама (нысан бойынша).

8) Егер қорғаншы болғысы келетін адам некеде тұрса, жұбайының денсаулық жағдайы туралы анықтама. (нысан бойынша)

9) Өтініш беруші мен оның жұбайының соттылығының жоқтығы туралы анықтама. (ХҚКО-да)

10) Атқаратын лауазымы туралы жұмыс орнынан анықтама.

11) Жалақы туралы анықтама.

12) Жұмыс орнынан мінездеме (мөр, қолтаңба). Егер қамқоршы полиция бөлімінен (учаскелік) жұмыс істемесе.

13) Мекенжай анықтамасы (ХҚКО-да)

14) Қамқоршының өмір сүру жағдайын тексеру актісі (тұрғылықты жері бойынша мектеп жасайды)

Одан бөлек:

1) Мектеп әкімшілігі куәландырған баланың келісімі (егер бала 10 жастан асқан болса).

2) Туу туралы куәлік (көшірмесі).

3) Баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама және баланың дамуынан үзінді.

4) Ата-анасы туралы құжаттар (қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі, соттың үкімі немесе шешімі, ата-анасының ауруы немесе іздестірілуі туралы анықтама, бала некесіз туған жағдайда №4 нысан бойынша анықтама және баланың ата-анасының қамқорлығынсыз қалғанын растайтын басқа да құжаттар).

5) Зейнетақы алатын балаларға арналған зейнетақы кітапшасы, алимент алу туралы сот шешімінің көшірмесі.

6) Ағалары және әпкелері туралы мәліметтер және олардың тұрғылықты жері.

7) Баланың мектептен оқуы туралы анықтама.

8) Балаға сипаттама.

Баланың қорғаншысы немесе қамқоршысы баланы тәрбиелеуге, оның жан-жақты дамуына қамқорлық жасауға міндетті. Ол баланың пікірін және

қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның ұсынымдарын ескере отырып, баланы тәрбиелеу тәсілдерін дербес айқындауға құқылы.

Қорғаншы немесе қамқоршы баланың пікірін ескере отырып, баланың білім беру ұйымын және оқыту нысанын таңдауға құқылы және баланың міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Қорғаншы немесе қамқоршы қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы баланы өздерінде заңды негіздерсіз ұстап отырған кез келген адамдардан, оның ішінде баланың жақын туыстарынан қайтаруды сот арқылы талап етуге құқылы.

Мұндай араласу баланың мүдделеріне сай келмейтін жағдайларды қоспағанда, Қорғаншының немесе қамқоршының баланың ата-аналарымен және басқа да жақын туыстарымен араласуына кедергі жасауға құқығы жоқ. Қамқорлыққа алынушылар білім беру ұйымында не медициналық ұйымда тәрбиеленуде немесе емделуде болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың қорғаншылары немесе қамқоршылары өздерінің қамқорлығына алынушылармен бірге тұруға міндетті.

Қамқоршының 16 жасқа толған қамқорлыққа алынушымен бөлек тұруына, егер бұл қамқорлыққа алынушының тәрбиесіне және құқықтары мен мүдделерін қорғауға қолайсыз әсер етпесе, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның рұқсатымен жол беріледі. Қорғаншылар немесе қамқоршылар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

Қорғаншы кемінде алты айда бір рет қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға қамқорлыққа алынушының денсаулық жағдайы туралы және оны тәрбиелеу жөніндегі, сондай-ақ оның мүлкін басқару жөніндегі жұмыс туралы есептер беруге міндетті.

Қорғаншы немесе қамқоршы қамқорлыққа алынушыларды өз есебінен күтіп-бағуға міндетті емес. Қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағу қамқорлыққа алынушының алатын алименті және басқа да әлеуметтік төлемдері есебінен, сондай-ақ оған тиесілі мүлік есебінен жүзеге асырылады. Бүгінгі күні қамқоршыларға қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындалады. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібін және оны төлеу мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қорғаншылық тоқтатылады, егер:

- 1) бала 18 жасқа толды;
- 2) қамқоршы үйленді;
- 3) қорғаншының (қамқоршының) ауыр сырқаттары бар;
- 4) қамқорлыққа алынушымен өзара түсіністіктің болмауы;
- 5) қорғаншы жүктелген міндеттерді орындамайды;
- 6) қорғаншының (қамқоршының) қайтыс болуына байланысты;
- 7) қамқорлыққа алынушы 14 жасқа толған кезде қорғаншылық қамқоршылыққа өтеді.

### **6.3 Патронат**

Патронат-жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам жасасатын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны.

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтауды ата-ана қамқорлығының жоқтығы туралы белгілі болған барлық жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарды олардың орналасқан жері бойынша дереу хабардар етуге міндетті.

Патронат нысанындағы қорғаншылық немесе қамқоршылық кәмелетке толмаған жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдардағы балаларға белгіленеді. Баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам мен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган арасында жасалатын баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт патронаттың туындауына негіз болып табылады.

Бала патронат тәрбиешіге көрсетілген шартта көзделген мерзімге тәрбиелеуге беріледі. Патронаттық тәрбиелеуге берілген әрбір балаға жеке шарт жасалады. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың мерзімі аяқталған жағдайда оның отбасында болу мерзімін ұзарту жаңа шарттың негізінде жүргізіледі. Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу мен ақшалай төлемдердің тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт бойынша беру үшін оны алдын ала таңдауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен және баланы күтіп-бағатын ұйым Әкімшілігімен келісу бойынша баланы отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады. Балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстық қатынасы туралы білмейтін, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) ажыратуға жол берілмейді.

Патронат тәрбиешілер тәрбиелеуге қабылданған балаға қатысты қорғаншылар мен қамқоршылар сияқты құқықтар мен міндеттерге ие болады. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шартты:

- 1) Патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша;
- 2) қорғаншы және қамқоршы органның бастамасы бойынша;
- 3) бала ата-аналарына қайтарылған, туыстарына берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзуға болады.

Осылайша, қорғаншылық (қамқоршылық) кәмелетке толмаған азаматтарды орналастырудың ең көп таралған құқықтық нысаны болды және болып қала береді. Бұл формада әлеуметтік қамқорлыққа мұқтаж азаматтың

тағдырын ең жақсы жолмен, бір жағынан, отбасында тұруға жақын, екінші жағынан, азаматтың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін үлкен оң әлеует бар. Патронатты тәрбиелеуші болу үшін міндетті түрде ұсынылатын құжаттар жоғарыда атап өткен қамқоршы мен қорғанушы ұсынуға тиіс құжаттармен сәйкес болып танылады.

Қорғаншылық және қамқоршылық нысанындағы патронат ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға белгіленеді.

Баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдіруші адам (патронат тәрбиеші) мен қорғаншы және қамқоршы орган арасында жасалған баланы баланы (балаларды) тәрбиелеуге беру туралы шарт патронаттың туындау негізі болып табылады. Баланы тәрбиелеуге беру туралы шарт баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беру жағдайларын, патронат тәрбиешінің құқықтары мен міндеттерін, патронат тәрбиешіге қатысты қорғаншы және қамқоршы органдардың міндеттерін, сондай-ақ мұндай шарттың тоқтатылу негіздері мен салдарларын көздеуі тиіс.

Бала патронат тәрбиешіге аталған шартпен белгіленген мерзімге тәрбиелеуге беріледі.

Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу және тәрбиелеуге алынған балалар санына қарай берілетін жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Баланы тәрбиелеуге беру туралы шарт:

1) дәлелді себептері (сырқаттану, отбасылық немесе материалдық жағдайдың өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша;

2) баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беруде қолайсыз жағдайлар туған кезде қорғаншы және қамқоршы органның бастамасы бойынша;

3) бала ата-анасына қайтарып берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Патронат тәрбиешілер тәрбиеге алынған балаға қатысты қорғаншылар мен қамқоршылар сияқты құқықтар мен міндеттерге ие болады. Патронат тәрбиешілерді іріктеп алуды қорғаншы және қамқоршы органдар жүзеге асырады.

Шарт бойынша оны патронат тәрбиешілерге беру үшін баланы (балаларды) алдын ала таңдауды қорғаншы және қамқоршы органмен келісім бойынша баланы (балаларды) отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады. Ағалы-інілілерді, апалы-сіңілілерді (қарындастарын) ажыратуға жол берілмейді, бұған олардың мүдделеріне сай келетін жағдайлар қосылмайды. Баланы (балаларды) патронат тәрбиешілерге беру оның пікірі ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған бала (балалар) оның келісімімен ғана берілуі мүмкін.

Патронат тәрбиешілерге берілген бала (балалар) өзіне тиесілі алименттерге, зейнетақыға, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік

төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды. Тұрғын үй-жайы болмаған кезде, тұрғын үй заңдарына сәйкес оған тұрғын үй-жай берілуіне құқығы бар.

Әр баланы асырап-бағуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.

Қорғаншы және қамқоршы орган патронат тәрбиешілерге қажетті көмек көрсетуге, баланың (балалардың) өмірі мен тәрбиесіне қалыпты жағдай туғызуға жәрдемдесуге міндетті, сондай-ақ патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы (балаларды) асырап-бағу, тәрбиелеу және оған білім беру міндеттерін орындауға бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Патронаттың тоқтатылу негіздері мен тәртібі

Қорғаншылық және қамқоршылық нысанындағы патронат ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға белгіленеді.

Баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдіруші адам (патронат тәрбиеші) мен қорғаншы және қамқоршы орган арасында жасалған баланы баланы (балаларды) тәрбиелеуге беру туралы шарт патронаттың туындау негізі болып табылады. Баланы тәрбиелеуге беру туралы шарт баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беру жағдайларын, патронат тәрбиешінің құқықтары мен міндеттерін, патронат тәрбиешіге қатысты қорғаншы және қамқоршы органдардың міндеттерін, сондай-ақ мұндай шарттың тоқтатылу негіздері мен салдарларын көздеуі тиіс.

Бала патронат тәрбиешіге аталған шартпен белгіленген мерзімге тәрбиелеуге беріледі.

Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу және тәрбиелеуге алынған балалар санына қарай берілетін жеңілдіктер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Баланы тәрбиелеуге беру туралы шарт:

1) дәлелді себептері (сырқаттану, отбасылық немесе материалдық жағдайдың өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша;

2) баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беруде қолайсыз жағдайлар туған кезде қорғаншы және қамқоршы органның бастамасы бойынша;

3) бала ата-анасына қайтарып берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Патронат тәрбиешілер тәрбиеге алынған балаға қатысты қорғаншылар мен қамқоршылар сияқты құқықтар мен міндеттерге ие болады. Патронат тәрбиешілерді іріктеп алуды қорғаншы және қамқоршы органдар жүзеге асырады.

Шарт бойынша оны патронат тәрбиешілерге беру үшін баланы (балаларды) алдын ала таңдауды қорғаншы және қамқоршы органмен келісім бойынша баланы (балаларды) отбасына қабылдауға тілек білдірген

адамдар жүзеге асырады. Ағалы-інілілерді, апалы-сіңілілерді (қарындастарын) ажыратуға жол берілмейді, бұған олардың мүдделеріне сай келетін жағдайлар қосылмайды. Баланы (балаларды) патронат тәрбиешілерге беру оның пікірі ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған бала (балалар) оның келісімімен ғана берілуі мүмкін.

Патронат тәрбиешілерге берілген бала (балалар) өзіне тиесілі алименттерге, зейнетақыға, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды. Тұрғын үй-жайы болмаған кезде, тұрғын үй заңдарына сәйкес оған тұрғын үй-жай берілуіне құқығы бар.

Әр баланы асырап-бағуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.

Қорғаншы және қамқоршы орган патронат тәрбиешілерге қажетті көмек көрсетуге, баланың (балалардың) өмірі мен тәрбиесіне қалыпты жағдай туғызуға жәрдемдесуге міндетті, сондай-ақ патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы (балаларды) асырап-бағу, тәрбиелеу және оған білім беру міндеттерін орындауға бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

## Ситуациялық есептер

### 1-есеп.

Азаматша Алимжанова Г. азамат Баймағанбетов Д. некесін жарамсыз деп тану туралы талап арызымен Алматы қ. сотына барады. Оның айтуынша, Баймағанбетов жанұя құруға ешбір ниеті жоқ, ол тек Алимжанованың пәтеріне құқық алғысы келді. Бұдан ерлі-зайыптылар арасында бір бірін жақтырмаушылық пайда болады және жауапкер таяу маңда сот арқылы пәтерді бөліп алуға ниет білдірді.

Баймағанбетов неке бұзылу керек деп айтып, талапқа қарсылығын білдіреді. Некені жарамсыз деп тануға негіздер жоқ, өйткені белгілі бір уақыт аралығында олардың арасында ерлі-зайыптылардың қатынастары болды: ол жалақысын үйге әкеліп отырды, әйелін күтіп ұстады, тек соңғы кезде ғана ерлі-зайыптылар арасында келіспеушіліетер пайда болды.

Алимжанованың талабы бойынша сот қандай шешім шағарғаны жөн? Некені жарамсыз деп тану негіздерін атаңыз. Некені жарамсыз деп танудың салдары қандай?

### 2-есеп.

Р.Г.Алиаскарова алимент төлеу туралы талабымен асырап алынған М.Е. Ибраеваға жолданады. Талап арызында талапкер Алиаскарованың әкесімен тіркелген некеде тұрғандығын және ол кәмелетке толғанша 4 жыл бойы жауапкерді тәрбиелегіндігін айтады. Одан кейін, асыранды қыз киім тігу ательесіне оқушы ретінде барып, көп ұзамай жұмыс істеп, өз бетімен тұра бастайды. Қазіргі кезде талапкердің күйеуі қайтыс болған, өзі болса, материалдық жағдайы нашар, өйткені зейнетақысы аз, ал басқа табыс көздері жоқ.

Ибраева соттың Алиаскарова талабына қарсы болуын сұрайды, өйткені өгей шешесі оны тек 4 жыл бойы тәрбиеледі.



Сот Алиаскарованың талабы бойынша қандай шешім шығарғаны дұрыс?

### **3-есеп.**

2001 ж. 15 наурызында Алматы қ. Бостандық ауданының АХАЖ бөліміне 1985 ж. туған Михайлова неке жасын азайту туралы өтінішімен барады. Өз өтінішінде Михайлова 2000 ж. қаңтарынан бастап Дубровинмен іс жүзіндегі неке қатынастарында тұратындығын айтты, одан 2001 ж. 10 ақпанында туған қызы бар. Осы уақыт аралығында олармен бірлесіп пәтер, автомобиль және өзге де мүлік алынған.

АХАЖ бөлімінің әрекеттері қандай болу керек, қандай құқықтық нормаларды қолданған жөн? Неке жасын азайтуға қандай себептер орынды болып табылады?

### **4-есеп.**

Мансурова М.А. неке бұзу туралы өтінішімен сотқа барады, оның айтуынша, бес айдан астам уақыт ішінде ерлі-зайыптылар бірге тұрмайды, бірлесіп ортақ шаруашылық етпейді, ал баланы тәрбиелейтін өзі. Бұнымен бірге, ол 7 жастағы баланы асыпа-күтуге және өзінің өміріне алимент өндіріп алуды сұрайды, өйткені ол баламен отырғандықтан ешбір жерде жұмыс істемейді.

Сот некені бұзу туралы іс қозғауға құқылы ма? Баламен отырған бұрынғы әйелі алимент алуға құқығы бар ма?

### **5-есеп.**

Алматы қ. тұрғыны әскери-медициналық Академияның курсанты Николай Шмидт эстрада-цирк колледжінің төртінші бағам студенті Ксения Лазаревамен неке қияды. Ашық мінезді әрі ақ көңіл Ксения тұрмысқа шыққаннан кейін де уақытының басым бөлігін достарының арасында өткізеді, ол бірде бір көңіл кешін қалдырмайды және онда әрқашан Николайсыз баратын, әйелінің бұндай іс-қимылдары жұбайына ұнамаған соң, ол Ксениядан қыдыруды тоқтатуды талап етеді. Бірақ Ксения достарымен уақытын қалай өткізетінін өзі шешетіндігін айтты. Николай болса, ксеия оның әйелі болғандықтан, қонаққа тек күйеуімен баруы керек дегенді айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Ерлі-зайыптылардың айтқандарына құқықтық баға беріңіз

### **6-есеп.**

Бекболатова Гүлнар мүлікті бөлу туралы талабымен сотқа барады. Жауапкер ретінде Бекболатов Рауан болады. олардың арасында неке 2000 ж. 10 қарашасында бұзылған болатын. Талапкер талап арызында некеге тұрғанға дейін автомобиль сатып алғандығын, ал Бекболатов Р. Д. Ата-анасы қайтыс болғаннан кейін пәтердің жартысын мұраға алғандығын айтты.

Бірге тұрған кезде ерлі-зайыптылар екі бөлмелі пәтерге, тоңазытқышқа, кір жуу машинасына, түрлі түсті теледидарға, жиһазға ие болған. Бекболатова пәтердің жартсы, жиһаздың бар екендігін айтып, Бекболатова Гүлнар екі бөлмелі пәтердің өз меншігінде қалуын талап етеді.

Сот қандай шешім шағаруы тиіс?

### **7-есеп.**

Арман Әлібек пен Әлия Садықова неке қиғаннан кейін үш жыл өткен соң неке шартын жасасады да, оны нотариусте куәландырады. Онда үй мен автомобильге дербес (дара) меншіктің режимін белгілейді. “Вольво” автомашинасына күйеуінің, ал үйге әйелдің, меншік құқығы жазылады. Қалған заттарға ерлі-зайыптылар ортақ меншік құқығын қалдырады.

Неке шарты жасалған соң, бір жыл өткеннен кейін өрт өршіп, нәтижесінде үйдің жартысы мен басқа мүліктің кейбір түрлері жойылады. Осыған байланысты күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындайды. Арман өзіне тиесілі автомашинаны сатқанды жөн көреді. Тиген ақша үйді жөндеуге және тұрмыстық техниканы: теледидарды, тоңазытқышты және бірлесіп жинағна мүлікті бөлу дауларын шешу туралы талап арызымын сотқа жолданады.

Істі шешіңіз. Мүлікті бөлу қалай жүргізілуі тиіс? қандай жағдайда осы мүлікті ортақ бірлескен меншікке жатқызуға болады?

### **8-есеп.**

Ерлі-зайыпты Ахметовтар арасында 7 жастағы Әлия деген қыздарын оқыту жөнінде дау пайда болады. әкесі қызының тереңдетілген білім беретін гимназияға түсуін қалайды, ал анасы болса, бұған қарсы болады, оның айтуынша, Әлияның денсаулығы нашар, ал гимназиядағы оқу жүктемесі ол үшін ауыр әрі ауқымды болуы мүмкін. Ахметовтармен бірге тұратын Әлияның атасы мен әжесі дауда ұлын қолдайды.

Баланы тәрбиелеуге қатысты ерлі-зайыптылар арасында дау туған жағдайда осы заң тұрғысына қалай шешуге болады?

### **9-есеп.**

Некеде тұрмайтын Жиленкова С.К. ұл туады, оның әкесі Воеводин Г.С. болып табылады, онымен Жиленкова кезінде ұзақ уақыт бойы бірге тұрған. Баланың тууын мемлекеттік тіркеуден өткізген кезде Воеводин өзінің әке болуын ауызша мойындайды да, өзін баланың әкесі ретінде жазуды сұрайды. Воеводиннің өтінішін растаған Жиленкова оның айтқанына қосылады. Бірақ АХАЖ органының меңгерушісі Жиленкова мен Воеводин арасында неке тіркелмегеніне көзі жеткен соң, әке болу туралы мәліметтерді енгізу негізі ретінде соттың тиісті шешімін ұсынуды талап етіп, мұндай жазба жасаудан бас тартады.

АХАЖ органы меңгерушісінің әрекеттері заңды ма? Баланың ата-анасы некеде тұрмаған жағдайда баланың туу туралы құжаттарға ата-ана жайындағы мәліметтерді жазу тәртібі мен негіздері сипаттап беріңіз.

### **10-есеп.**

Никифоровтың Олег деген ұлына өзінің әке болуын ерікті түрде мойындауы туралы арызын Нартова және Никифоров өз қолдарымен куәландырған соң, Нартова бұл арызды АХАЖ органына береді. Нартова Никифоровтың АХАЖ органына келе алмағандығын оның Қиыр Солтүстікке ұзақ іс-сапармен кеткендігімен түсіндіреді, бірақ оның арыздағы қолы ол жұмыс істейтін кәсіпорын жетекшісімен расталған.

Балаға әке болуды ата-ананың ортақ бірлескен арызы негізінде белгілеуді тіркеу үшін ата-ананың біреуінің АХАЖ органына келмеуіне болады ма? Егер бұған рұқсат етілсе, келмеген ата-ананың қолы кіммен расталуы керек? Әке болуды баланың әкесі мен анасының ортақ бірлескен арызы бойынша АХАЖ органында белгілеудің құқықтық салдарын атаңыз.

### **11-есеп.**

Ерлі-зайыпты Борисовтар арасындағы неке бұзылған соң, олардың ұлы анасымен бірге тұруға қалады. Баланы тәрбиелеу жөнінде оның ата-анасы келісімге келмейді, сондықтан Борисов сотқа арызбен жолданды. Арызда ол соттан өзінің ата-аналық құқықтарын жүзеге асыру тәртібін белгілеуді сұрайды. Сот, баланың ата-анасы оны қалай тәрбиелейтіндігімен байланысты мәселелер қорғаншылық пен қамқоршылық органының айрықша құзыретіне жатады денеді айтып, бұл даудың сотта қаралмайтындығын ескертеді.

Соттыкі дұрыс па?

### **12-есеп.**

1994 ж. М.К. Бастенова үш ай бойы құрбы қызының ағасы – Акишевпен кездесіп жүреді, онан соң олар жыныстық қатынасқа түседі. Акишевті әскерге шақырған соң, Бастеновада 1995 ж. қыз туады. Бастеноваға жазған екі хатында, қарындасына жазған бір хатында ол қызының денсаулығын сұрайды және өзінің Бастеновамен қатынастарын үйге оралған соң бірден рәсімдеуге уәде береді. Бірақ үйге ол үйленген болып келеді және біраздан соң жол апатынан мерт болады. 1998 ж. Бастенова Акишевтің әке болуын белгілеу туралы арызымен сотқа барады, өйткені оның хаттарында баланы мойындағаны нақты дәлелденеді.

Акишевтің әке болуын сот тәртібімен белгілеуге негіздер бар ма? Баланың болжамды әкесі қайтыс болса, әке болуды сотпен белгілеу қандай тәртіппен жүргізіледі?

### **13-есеп.**

Н.К. Малькова өзін кәмелетке толмаған апасы туған қыздың анасы деп атап, баланың туу туралы куәлігінде жазбаны түзеу туралы өтінішімен АХАЖ органына жолданады, өйткені ол некеге тұрған, өз балалары бар және өзі тұмаған қыздың анасы болғысы келмейді.

Малькованың өтінішімен АХАЖ органы туу туралы жазбаны өзгертуге құқылы ма? Азаматтық хал актілер жазбаларын даулау тәртібі қандай?

#### **14-есеп.**

Коваленко туған апасы қайтыс болған соң, оның екі жастағы қызын қасына алады. Қыздың әкесі қарсы болмайды. Бір жылдан кейін Коваленко үш жасар қызды асырап алу жөнінде ақыл-кеңес алу үшін қорғаншылық пен қамқоршылық органдарына жолданады, өйткені ол қызға үйреніп қалды, ал қыз өз кезегінде оны “мама” деп атап кеткен. Ленаның әкесі бұл арада қызына келмейді, материалдық ешбір көмек көрсетпейді. Оның үстіне, Ленаның әкесі үйленіп, басқа қалаға көшу ойы бар.

Коваленкоға қандай жауап берген дұрыс? Бала асырап алудың тәртібі қандай?

#### **15-есеп.**

АҚШ-тан келген отбасылық жұп ҚР азаматы болып табылатын баланы асырап алу мәселелері бойынша тиісті түсінік алу мақсатымен, қорғаншылық пен қамқоршылық органына барады. Олар жасы екіден аспайтын және мүмкіндігінше ұлты славян ұл баланы асырап алу жолдары туралы ақпарат алғысы келеді. Ерлі-зайыпты Тимсондар Қазақстанға тек қана үш аптаға келгендерін айтады, сол себепті олар осы мерзім ішінде бар мәселені шешіп, Америкаға баламен бірге оралуды қалайтындарын білдіреді. Осыған сәйкес оларды бала асырап алу рәсімі қанша уақыт алатындығы және бұл үшін қандай құжаттар керектігі қызықтырды.

Ерлі-зайыпты Тимсондарға қандай түсініктеме берген жөн? Баланы шет ел азаматтарының асырап алу тәртібі қандай?

#### **16-есеп.**

Кезекші полицейский Шаяхметов 2000 ж. 20 қазанында орталық автовокзал ауданында кішкентай баланы көріп қалады. Бала күтілмеген әрі орысша сөйлей алмайды, оның үстіне өте жүдеу киінген. Біраздан соң бұл баланың ұлты тәжік екендігі анықталды. Бала көйлегінің қалтасында аты “Шахрух” жазылған қағаз табылды.

Дәл сол күні Шахрухты Алматы қ. балалық ауруханасына жеткізеді, ал тексерістен кейін балалар үйіне жібереді.

Ерлі-зайыпты Николаевтар Шахрухты асырап алуға рұқсат беру өтінішімен Алматы қ. қорғаншылық пен қамқоршылық органына барады.

Қорғаншылық пен қамқоршылық органының қызметкері өтінішті қанағаттандырудың мүмкін еместігін айтады, өйткені бала ұлты бойынша тәжік, орысша сөйлемейді және діні мен мәдениеті де бөлек. Асырап алу кезінде бұл мән-жайларды ескеру міндетті.

Қорғаншылық пен қамқоршылық органы қызметкерінің айтқандарына баға беріңіз. Бала асырап алу кезінде оның ұлты, діні мен мәдениеті, тілі ескеріле ме? Ерлі-зайыпты Николаевтарға қандай ақыл-кеңес берген жөн?

#### **17-есеп.**

Қапшағай қ. тұрғыны Фазылова бас бостандығынан айыруға алты жыл мерзімге сотталады. Артында 12 жасар Расул деге ұлы қалды, ол әкесіз өскен болатын.

Қорғаншылық пен қамқоршылық органы Расулдың қорғаншысы ретінде оның нағашысын – Фазылов Мамедті тағайындайды. Фазыловтың өз кафесі болатын, уақыттың басым бөлігін сонда өткізіп, ол баланы тәрбиелеумен айналыса алмайтын. Расул нағашысының пәтерінде жалғыз тұрды. Қорғаншысы тек тамақ әкелу үшін Расулға өте сирек келіп тұрған.

Әр жыл сайын көктемнен жаз соңына дейін Фазылов Расулды кафеге жұмыс істеуге алып кетіп жүрген. Осының салдарынан бала мектепке дұрыс бармайды, сабақты жиі өткізіп алады.

Расул 14-ге толғанда, Фазылов оның қамқоршысына айналады.

Жаздың бір күнінде Расул нағашысының дәрекі әрекетіне шыдамай, одан қашады да, қамқоршылықтың күшін жою туралы талабымен сотқа жолданады.

Істі шешіңіз. Қандай орган қамқоршылық күшін жоюға құқылы? Фазылов баланың қандай құқығын бұзды? Расулдың талабы қанағаттандыруға жатады ма?

### **18-есеп.**

К.Ахметов ұлы кәмелетке толғанша оған асырау мақсатында сот шешімімен ай сайын еңбек ақысының  $\frac{1}{4}$  бөлігінде алимент төлеп отырады. Ауыр дертке байланысты ұлы ауруханаға түскен болатын, онда ол алты ай бойы жатады.

Ұлдың анасы Ахметовтан қосымша бес мың теңге өндіріп алу туралы өтінішімен сотқа барады, өйткені ұлы күшейтілген тамақтануды, арнайы қарауды қажет етеді. Оның үстіне, емді жалғастыру үшін балаға санаторийге жолдама алу керек. Ахметовтың балаға қосымша шығын жұмсауы туралы келісім жасалмаған.

Балаға қосымша алимент төлеп жүрген ата-ана болатын асырап-бағуға арналған қосымша шығындарға қатысуға тартылуы мүмкін бе? Қандай жағдайларда? Ұлдың анасының талабы қанағаттандырылуға жатады ма? Егер қағаттандырылса, сот, Ахметовтың баланы асырап-бағуға қосымша шығындарға қатысуының мөлшерін қалай анықтайды?

### **19-есеп.**

Н.К. Ленц екі баласын асырап-бағуға еңбек ақысының  $\frac{1}{3}$  бөлігінде алимент төлеп жүрді. Шетелге жұмыс бабаымен маман ретінде жіберілгендіктен, Ленц өзінен алимент қандай көлемде және қандай валютада өндіріледі деген асуалмен сот орындаушысына барады.

Сот орындаушысы Ленцке қандай түсініктеме бергені дұрыс?

### **20-есеп.**

И.С. Жакупова М.К. Жакуповқа екі балаға, ұлы мен қызына алимент өндіріп алу туралы талабымен сотқа жолданады, өйткені оның ұлы кәмелетке толған жоқ – ол әлі 16 жаста, ал қызы 19 жаста болғанымен, алатын стипендиясы өте аз. Оған, ана ретінде екі баланы асырап-бағу қиынға соғады, алимент төлеу туралы келісім Жакуповпен жасалмаған.

Жауапкер талапты мойындамайды, оның айтуынша, ұлы жұмыс істейді, айына 10-11 мың теңге ақша табады, ал қызы кәмелетке толғандықтан, оған алимент төлеуге міндетті емес.

Кәмелетке толмаған, бірақ жалақысы бар балаларға ата-аналары алимент төлеуге міндетті ме? Кәмелетке толған, өмір сүруге тиісті қаржысы жоқ балаларға алимент төленуі мүмкін бе? Сот Жакупованың талабы бойынша қандай шешім шағаруы тиіс?

### **21-есеп.**

В. Еремина Н. Ереминге некені бұзу және баланы асырап-бағуға алимент өндіріп алу туралы талабымен сотқа жолданады. Оның үстіне, Еремина бала үш жасқа толғанша өзін асырап-бағуға жауапкер жалақысынан 1/6 бөлігінде қаражат өндіруді соттан сұрайды. Тараптар арасында алимент төлеу жөнінде келісім орнамаған.

Сот Ереминаның талбы бойынша қандай шешім шығару керек?

### **22-есеп.**

23-жасар Ахмад Садуов пен 20-жасар Анастасия андреева неке қию өтінішімен АХАЖ бөліміне барады. Олар некенің тіркелуін тездеткісі келді, өйткені Ахмадтың әке-шешесі олардың некесіне қарсы болды. Әке-шешесінің қарсылығы Ахмадтың мұсылман қызына үйленбейтіндігімен байланысты. Онымен қоса, Ахмадтың ағалары үйленушілерді дәл неке қиылатын күні өлтіруге уәде берді.

Ахмадтың ата-анасы мен ағаларының пікірлері есекеріледі ме? ҚР отбасылық заңнамасы бойынша қандай жағдайларда некені бір ай өткенге дейін немесе өтінішіт берген күні тіркеуге рұқсат етіледі?

### **23-есеп.**

Неке бұзылғаннан кейін Ивановтар арасында Ивановтың кішкентай Вадимға ай сайын 5 мың теңге көлемінде алимент төлеуі туралы нотариалды куәландырылған келісім жасалған болатын. Жарты жылдан кейін В.К. Иванованың анасы (Вадимнің әжесі) – Зиновьева М.Я. өзінің бұрынғы күйеу баласы коммерциялық банкте ай сайын 35 мың теңге көлемінде табатындығын кездейсоқ біліп қалды. Осыған орай, Зиновьева баланы асырап-бағуға Ивановпен төленетін алимент мөлшерін көбейтуді ақыл-кеңес ретінде қызына айтады. Бірақ Иванова алимент төлеу туралы келісімнің өзін қанағаттандыратындығын айтып, анасының ұсынысын қабылдамайды.

Қыздың шешіміне наразы болған Зиновьева Ивановтар арасындағы алимент төлеу туралы келісімді жарамсыз деп тану туралы арызды сотқа жіберу өтінішімен қорғаншылық және қамқоршылық органына жолданды. Бұған негіз ретінде ол немересі құқықтарының бұзылатындығына сілтеме жасайды, өйткені сот шешімімен оны (баланы) асырап-бағуға алименттер едәуір көп мөлшерде төленер еді. Зиновьеваның шағымы бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органы қандай шешім қабылдауы тиіс?

Кәмелетке толмаған балаларға алимент төлеу туралы келісімді жарамсыз деп танудың негіздері мен тәртібі қандай?

#### **24-есеп.**

Горбунова Морозовқа некені бұзу туралы өтінішімен сотқа барады. Оның айтуынша, ол Морозовпен тіркелген некеде 1984 жылдан бастап тұрып келеді. Некеде туған 1987 жылғы Вера деген қыздары бар. Неке кезінде Морозов спирт ішімдіктеріне салынып, қызының көзінше ұрыс ашады, оның арты төбелеске ұласқан кездер де аз емес. Ұрыс пен төбелестің ақыры Морозовты наркологиялық диспансерде емдеумен бітетін, бірақ бұның оңды нәтижесі болмайтын. Горбунованың айтуынша, Морозовпен әрі қарай бірге тұру мүмкін емес, өйткені тұрақты ұрыс-керістер баланың жүйкесіне әсер етеді. Сот отырысында Морозов, жұбайының айтқанымен келіспейді, ол әйелін де, қызын да жақсы көретіндігін айтады, ал спирт ішімдіктеріне салыну некені бұзуға негіз болмайтындығын түсіндіреді. Бұнымен қоса, ол арақты қою үшін емдеу курсына өтуді сұрайды. Морозов татуласу үшін соттан емдеу мерзімін тағайындауды сұрайды.

Сот қандай шешім шығаруы керек? Ерлі-зайыптыларды татуластыру үшін сот қандай жағдайларда мерзім тағайындалады?

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының отбасы әлеметтану пәні заңтану мамандығы бойынша оқу жүргізетін барлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізілген курс болып табылады. Отбасы әлеметтану оқыту курсанттарға отбасы заңнамасын жетік игеруге мүмкіндік береді, ал алынған білімдер өз кезегінде барлық құқық қорғау органдарының жұмысында қолданылуға жарамды. Сондықтан да, аталған пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерге, дипломдық жұмыс тақырыптарына және басқа да түрлі өзгерістер мен жаңартулар енгізу заңнамамызда болып жатқан өзгерістерді дер кезінде игеріп, бағалауға септігін тигізеді.

Отбасы құқықтық қатынастар реттейтін қоғамдық қатынастарға отбасы-құқықтық нормаларының әсер етуі нәтижесінде отбасы құқықтық қатынастары пайда болады. Басқа құқықтық қатынастар тәрізді отбасы құқықтық қатынастары да заңды дерек нәтижесінде туындайды. Отбасы құқығындағы заңды дерек деп отбасы құқығының нормаларын, қарастырылған заңдық салдарлардың болуымен байланыстыратын, нақты өмірлік жағдайлар түсініледі.

Неке-отбасылық қатынастар: еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігі, ерлі-зайыпталардың отбасындағы құқықтарының теңдігі, отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік, отбасының ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу, балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасау, отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру, отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету және бұл құқықтардың сот арқылы қорғалу қағидаларына негізделеді.

Отбасылық тәрбие арқылы ұлттың ең негізгі құндылығы – ұлттық тілді құрметтеу сезімін қалыптастыру баланың ұлттық сана-сезімін, ұлттық рухты дамыту, отбасылық тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылуына қарай бала санасында отбасының құндылықтық мәнін ашу, отбасылық тәрбиедегі туысқандық қарым-қатынас ерекшеліктерін үйрету, бала тәрбиесіне байланысты қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін ашып көрсету және қыз бен жігіт арасындағы қарым-қатынастарға байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлерді (ер бала және қыз бала тәрбиесі, жігіттік сөз, жігіттік серт, қыз намысының жоғары болуы, қызқонақ, қыз ұзату, үйлену тойы, құдаласу, т.б.) сіңіру. Сонымен, отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Егер адам отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса, өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Бір елді жаулау үшін қарудың керегі жоқ. Бесігін бүлдірсеңіз өздері босағасын қиратып, есігін ашып береді»- деген қытай



мақалы қазіргідей жаһандану заманында өте қауіпті. Сондықтан халқымыздың біртуар ұлы М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген сөзінің мәнмағынасы дәл қазіргі кезеңде айқын жол табуға, дәстүрімізде сақталған 134 ұлттық рух пен сананы жаңғыртып, өркениетке бағыт алған ұлт болашағын дамытудың өзекті арқауы болуы тиіс

Ғылымның заманауи жетістіктері отбасы қатынастарын реттеудің жаңа нысандарын ұсынуда. Аталған пән заңгерлерге кез келген адамның жеке өмірімен байланысты саладағы құқықтарды қорғауға және дауларды шешуге мүмкіндік береді. Практикада отбасы мүшелерінің арасындағы даулар азаматтық істердің басым бөлігін құрайды. Бұл дегеніміз, дұрыс қойылған бағдарлама әрбір заңгердің өз қызметтік ортасында жиі кездестіретін құқық саласынан сапалы білім алуын қамтамасыз етеді деген сөз. Осымен отбасы құқығының жас мамандарды дайындаудағы маңызы айқындалады.

## Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. 30.08.1995 ж.
2. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі. 26.12.2011ж.
3. ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 27.12.1994 ж.
4. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі 13.07.1999 ж.
5. ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік, әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңы. 16.06.1997ж.
6. ҚР «Азаматтық туралы» Заңы 20.12.1991 ж.
7. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы. 06.04.1997ж.
8. ҚР «Нотариат туралы» заңы. 14.07.1997ж.
9. ҚР «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңы. 13.12.2000ж.
10. ҚР «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңы. 19.06.1995 ж.
11. ҚР Жоғарғы Сот Пленумының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу барысында заңнамаларды қолдануы туралы» қаулысы. 28.04.2000 ж.
12. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» № 5 Қаулысы 28.04.2000 ж.
13. Азаматтың хал-ахуалын тіркеу жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою тәртібі және азаматтың хал-ахуалын тіркеу кітабын сақтау туралы ереже. Үкімет қаулысымен бекітілген. 26.09.96ж.
14. ҚР Әділет министрінің «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізуді, қалпына келтіруді, жоюды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Бұйрығы. 28.02.2012 ж.
15. ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы. 08.08.2002 ж.
16. ҚР Үкіметінің «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» Қаулысы 30.03.2012 ж.
17. ҚР «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заңы. 12.03.2010 ж.
18. ҚР «Қазақстан Республикасының Шет елде алиментті өндіріп алу туралы конвенцияға қосылу туралы» Заңы. 30.12.1999 ж.
19. ҚР «Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы. 30.03.2012 ж.

## Негізгі әдебиеттер:

1. Әбсаттаров Р. М. Дәкенов. Әлеуметтану. Оқулық. Алматы. 2004., 2007ж.
2. Әлемдік әлеуметтану антологиясы. Алматы. Қазақстан. 10 томдық. 2006ж.
3. Икенов А.И. Әлеуметтану негіздері. Алматы. Экономика. 2004ж.
4. Қарабаев Ш. Әлеуметтану негіздері. Алматы. 2008ж.
5. Ғабдуллина Қ. Құқық әлеуметтануы. Алматы. 2005ж.
6. Рахметов К.Ж., Болатова А.Н. Социология. Алматы. 2005ж.
7. Оданова Р.К. Жалпы әлеуметтану. Лекциялар курсы. Шымкент. 2004ж.
8. Айбеков Б.Ө., Абенов К.К. Әлеуметтану. Оқу құралы. Шымкент. 2003ж.
9. Смелзер Н. Социология. М., 1994. Гл. 9.